



Электронды
сауданың
көшбасшысы

2-бет



Мал дәрігерінің
мәртебесі қайда?

5-бет



«Қайраттың»
ұпайы түгел

8-бет



Энергетиканы ұлттық жоба еңселендіреді

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында бірінші кезектегі инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге ерекше назар аударды. Осы мақсатта өткен жылдың желтоқсан айында энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба бекітілді. Ұлттық жоба тозған инфрақұрылымды ауқымды жаңартуды көздейді. Осы жоба аясында жаңғырту жұмыстары «Қарағанды Су» ЖШС пилотты түрде қолға алынды. Келер жылы жылу, электр және су жүйесі қызметін жаңғырту басталады. Бұл жұмыстарға 2 млрд 400 млн теңге бөлінеді. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи Монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Қымбат Бейсеновтің айтуынша, жобаның басты мақсаты – коммуналдық инфрақұрылымдағы апаттарды 20%-ға, тозу деңгейін 40%-ға азайту.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қолжазба жасаған Арғынбай Қоспаева

► 2-бет

• ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Желіде – жаңа автобустар

Қарағанды облысында жолаушылар тасымалы кезең-кезеңімен жаңарып келеді. Аймақтың №3 автопаркі Саран қаласындағы QazTehna зауытында құрастырылған Yutong маркалы 75 жаңа автобусты сатып алды. Олар алдағы күндері қалаішілік және қала маңындағы бағыттарға шығарылмақ. Жаңа техника облыстағы қоғамдық көліктің сапасын арттырып, тасымалдау мүмкіндігін едәуір кеңейтеді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жаңа автобустардың сыйымдылығы үлкен, ұзындығы – 12 метр. Әр көлік заманауи талаптарға сай жабдықталған. Кондиционер, жылыту жүйесі, ұялы телефонға арналған қуаттау құрылғылары, кофес жәшіктері бар. Жолаушылардың қолайлылығы үшін аялдамалар көрсетілетін электронды таблолар қойылған.

Қауіпсіздік те назардан тыс қалмаған. Салонда бейнебақылау камералары орнатылып, жүргізуші кабинасына автоматтандырылған бақылау жүйесі енгізілген.

Мүмкіндігін шектеулі жандарға да жағдай жасалған.

– 2022 жылы біз Қытайда өндірілген Yutong маркалы 50 автобус сатып алдық. 2023 жылы Сарандағы QazTehna зауытында шығарылған 100 отандық автобус пайдалануға берілді. Биыл көктемде Шахтинск қаласына Ресейде жасалған 10 автобус алдық. Ал, енді Қарағандыда, серіктес қалаларда қызмет көрсететін тағы 75 автобус жолға шығады, – деді №3 автопарктің директоры Артур Григорян.

Өз тілшімізден

• БҮГІН – ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ ҒАРЫШҚА ҰШҚАН КҮН

Құс жолындағы қыран-ғұмыр

1991 жылдың 2 қазаны – қазақ рухының көкпен астасқан күні. Өйткені, дәл осы күні Тоқтар Әубәкіров ғарышқа самғап, есімін ел тарихына мәңгі жазды. Ғарышкер Тоқтар зау көкке бала жастан ғашық еді. Қасиетті Қарқаралы ауданында жарық дүниеге келген баланың көкірегінде аспан әлеміне деген құштарлық ерте оялды. Болашақ батыр, болашақ ғарышкер ұлт перзенттері Талғат Бигелдинов пен Нұркен Әбдіровті пір тұтты. «Мен де көкке көтерілемін!» деген балаң арман жүрегіне ұялап, тағдырына айналды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бозбала Тоқтар парашютпен алғаш секіргенде небәрі 15 жаста болған. 16-ға келгенде Қарағанды аэроклубында дайындықтан өтіп, 1965 жылы арманына бір қадам жақындап, Армавирдегі әскери авиация училищесіне оқуға түседі. Бұл – ғарышпен табыстырар дара жол еді. Кейін училищені үздік аяқтап, Қиыр Шығыстағы әскери бөлімдерде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары болып қызмет атқарды.

Сонымен қатар, Тоқтар Әубәкіров осы жолда отыздан астам әскери ұшақтың түрін сынақтан өткізген. «МиГ-23», «МиГ-25», «МиГ-27», «МиГ-29», «МиГ-31» сынды әуе кемелері – дыбыстан жылдам, өзіне сенімділердің ғана тізгін ұстауына болатын техника. Сонымен бірге, Тоқаң аспан әлемінде алғаш болып, «МиГ-31Б» ұшағымен жерге қонбай жанармай құйдырып, солтүстік полюске дейін ұшып барып

келеді. Әлемде тұңғыш рет авиатасушы кемеге «МиГ-29К» реактивті ұшағын қондырған да – Тоқтар Әубәкіров. Мұндай дәлдік, көзсіз ерлік жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққанның ғана қолынан келетіні рас.

1988 жылы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, елін елең еткізді. Бірақ, оның шын биігі әлі алда еді. 1990 жылы 40-тан асқан шағында Юрий Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа дайындықты бастады.

1991 жылдың 2 қазаны. Байқоңыр. «Союз ТМ-13» кемесінің борты. Экипаж мүшелері – А.Волков, Ф.Фибек және қазақтың тұңғыш ғарышкері, №72 – Тоқтар Әубәкіров.

Кеме жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық станциясымен түйісіп, тарихта қазақтың аты қалды. Ғарышта өткізген жеті күн, жиырма екі сағат, он үш минут ішінде ел атынан ғылым мен ерліктің жүгін арқалаған өкіл атанды.

Арал теңізінің үстіндегі тұзды шаңдар, жер бетіндегі атмосфералық өзгерістер, Қа-



Қолжазба жасаған Арғынбай Қоспаева

зақстанның экологиялық ахуалы, тіпті, жұлдызды аспанның астрофизикалық көріністерінің бәрі Тоқтардың назарында болды. Ол ғарышты зерттеумен қатар, өзімен бірге қазақтың сублимацияланған ұлттық тағамдары айран, ірімшік, ет өнімдерін алып ұшып, оларды алғаш сынаған тәжірибе иесі

еді. Ғарышқа қазақ асын апарған да – Тоқтар.

Одан бөлек, өзімен бірге «Гатчинский» картобының жасушаларын алып шықты. Ғарыштық сапардан соң осы жасушалар негізінде ғалымдар «Тоқтар» және «Орбита» атты картоптың жаңа сортын ойлап тапты. Бұл – аспаннан оралған батырдың жерге

берген жемісі.

Тоқтар Әубәкіровтің бұл ерлігі Қазақстанның тәуелсіздік кезеңімен тұспа-тұс келіп, ұлттық рухты көтерді. Ол Кеңес Одағының атынан ұшса да, қазақ халқының тұңғыш ғарышкері ретінде әлемге танылып, еліміздің халықаралық аренада өзіндік орнын айқындауға зор үлес қосты. Оның ғарыштағы тәжірибесі кейінгі буынға – Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов сияқты қазақ ғарышкерлеріне жол ашты.

Бұл сапар Қазақстанның ғарыштық бағдарламасының негізін қалаған тарихи оқиға болып, елдің ғылым мен технология саласындағы дамуына айрықша серпін берді. Осылайша ол бүкіл қазақ халқының мақтанышына айналды.

Ақын Серік Тұрғынбеков «Ғарыш-қазақ» поэмасында: «Тап келдік, ғажайып кез, кең ғасырға, жазылған Тәуелсіздік таңбасында. Ғарышқа ұшар талай біздің қазақ, солардың Тоқтар тұрар, ең басында!» деп жырлаған еді.

Шынында, Тоқтар Әубәкіровтен кейін ғарышқа ұшып, ел мерейін асқақтатқан Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов – қазақтың маңдайына біткен тағы екі жарық жұлдызы. Бірақ, басында, тарихтың төрінде маңдайы жарқырап Тоқтар Әубәкіров тұр. Ол – ғарышқа алғаш самғаған қазақ болумен қатар, тұтас қазақ халқының арманына қанат бітірген қайраткер.

Электронды сауданың көшбасшысы



Қарағанды – кеншілер өңірі ғана емес, қазірдің өзінде Қазақстандағы электронды сауданың алдыңғы шебінде тұрған аймақ. Бұл – жергілікті кәсіпкерлердің белсенділігінің, жаңа заман талабын дер кезінде ұғынып, батыл қадам жасағанының нәтижесі. Сондай-ақ, елдің әр түпкіріндегі тұтынушыға сенімді серіктеске айналған Teez маркетплейсінің серпінді дамуының жемісі. Бүгінде еліміздегі әрбір бесінші онлайн-тапсырыс Қарағандының үлесінде.

Салтанат ЛПНШ, «Ortalyq Qazaqstan»

2024 жылдың қыркүйегінде іске қосылған Teez жобасы небәрі бір жылда қазақстандық онлайн-сауда нарығының алпауыттарының қатарына қосылды. Бір күнде жеткізуімен ерекшеленген бұл алаң халықтың сенімін тез жаулап алды.

2025 жылдың қаңтарында қарағандылықтар берген тапсырыс көлемі 2,3 миллион теңгеден асты, ол – Қазақстандағы онлайн-сатылымдардың 17,8 пайызы. Ал, араға бір жыл салып, 2025 жылдың қыркүйегінде Teez тәулігіне 10 мыңнан астам тапсырыс

қабылдап, еліміздің 30 қаласына жеткізу жүйесін жолға қойды.

Teez – тек тұтынушы үшін қолайлылық емес, кәсіпкерлер үшін де зор мүмкіндік. Бүгінде алаңда 37 мың отандық кәсіпкердің тауарлары ұсынылуда.

– Біздің мақсатымыз – әрбір қазақстандық брендтің халықаралық деңгейде бәсекеге түсуіне жол ашу. Осы үшін біз қолайлы экожүйе қалыптастырып жатырмыз: төмен комиссия, тегін сақтау, жарнамалық қолдау және жедел жеткізу, – дейді Teez компаниясының бас директоры Линар Хуснуллин.

Электронды сауданың өркендеуі жұмыс орындарын көбейту-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

ге де ықпал етуде. Қарағандыда бүгінде 350-ден астам адам Teez компаниясында еңбек етіп жүр. Алдағы жылдары бұл бүкіл Қазақстан бойынша 8 мыңға жетпек.

Жаңа үрдіс тек сауда саласын ғана емес, логистика, курьерлік қызмет, қоғамдық тамақтану секілді тұтас бір инфрақұрылымды алға сүйреп келеді.

Өткен жылдың қарашасында Қарағандыға жұмыс сапарымен келген Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев атап өткендей, өзінің географиялық орналасуы мен инфрақұрылымдық әлеуетін ескере отырып, Қарағанды облысы бүкіл Орталық Азияның да ірі сауда-логистикалық хабына айнала алады.

Энергетиканы ұлттық жоба еңселендіреді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Облыста жылумен жабдықтау желілері 66%-ға, электрмен жабдықтау желілері 65%-ға, сумен жабдықтау желілері 68%-ға тозып тұр. Ал, су бұру желілерінің орташа тозуы 80%-ды құрайды. Бұл зор экологиялық түзекшелерді тудырады, сондай-ақ, елдімекендердің санитарлық жағдайына қауіп төндіреді. Тоғызды төмендету және ағынды суларды тазарту сапасын жақсарту үшін жаңа нысандар салу немесе қолданыстағы көріз тазарту құрылыстарын толық қайта құру қажет, – деді Қымбат Бейсенов.

Спикер ұлттық жоба аясында облыстың коммуналдық желілерін жөндеу үшін 100 млрд теңгеден астам қаражат инвестицияланатынын да атап өтті.

– Бұл қаражатқа 1199 шақырым коммуналдық желі жөнделеді. Оның ішінде, 54 млрд теңге 44 шақырым жылумен қамту желілеріне, 41 млрд теңге электр желілеріне (947 шақырым), сумен қамту желілерінің жөндеу жұмысына 18 млрд, су бұру желілеріне 59 млрд теңге бөлінді, – деді ол.

Ұлттық жобаның жедел және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру, іске асырылуын үйлестіру, мониторингтілеу мақсатында салалық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ, қаржы және техникалық операторлар қатыстырылады.

– Ұлттық жобаның техникалық операторы – «Қазцентр ТКШ» АҚ. Ол монополистердің өз міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету, сондай-ақ, жұмыстардың орындалу барысын бақылау және мониторинг жүргізу функцияларын атқарады. Қаржылық оператор – «Бойтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ. Оның құзыретіне тікелей және облигациялық қарыздар арқылы қаржыландыру, сондай-ақ, жобаларды субсидиялау бойынша өтінімдерді қарастыру кіреді. Мемлекеттік бағалы қағаздар механизмі инфрақұрылымды ынталандырудың тиімді тетігіне айналады. Осыған байланысты Қаржы министрілігі жалпы сомасы 22,5 млрд теңге болатын облигациялар шығаруға шешім қабылдады. Аталған сомадағы мемлекеттік бағалы қағаздарды «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ сатып алды. Қарыз қаражатын тарту бюджет шығындарын реттеуге мүмкіндік береді. Жүзеге асырыла бастаған он жобаның бірі Қарағанды облысында қолға алынды, – деп атап өтті департамент басшысы.

Ұлттық жобаның жүзеге асырылуы отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталатынын да айта кету керек. Мердігер ұлттық жоба шеңберінде жаңғырту немесе құрылыс шеңберінде салалық министрліктер келісімі бойынша құрылыс және өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган айқындаған

электрондық платформада отандық тауар өндірушілердің тауарларын сатып алуды жүзеге асырады. Импорттық тауарға энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту шеңберінде пайдаланылатын өнімді сатып алуға электрондық платформада осы өнім түрлері болмаған жағдайда, не тауарларды жеткізуде отандық тауар өндірушілерден ұсыныстар болмаса ғана жол берілемек. Яғни, отандық тауар өндірушілердің тауарларын қолдау импортқа деген тәуекелділікті төмендетіп қана қоймай, қосымша жұмыс көздерін ашуға себеп болады. Қымбат Серікұлы жоба аясында нақты қанша жұмыс орны ашылатыны келер жылы белгілі болатынын жеткізді.

Биыл тұрғындар үшін жалпы тарифтер орташа есеппен 10%-ға өсті. Оның ішінде, сумен қамту 15%-ға, су бұру, газбен және жылумен қамту 10%-ға өсті. Электрмен қамту тарифті өзгерген жоқ. Спикер тарифтердің өсуіне «Тарифтерді инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, сала мамандарының еңбекқабілетін өсіру, бірқатар стратегиялық тауарлар құнының қымбаттауы әсер еткенін тілге тиек етті.

Десе де, әлеуметтік осал топтар үшін жеңілдіктер қарастырылған. – Тарифтік жүктемені жеңілдету мақсатында коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеуге

бағытталған тұрғын үй көмегін көрсету механизмі арқылы қолдау көрсетіледі. Бұл аз қамтылған азаматтарға олардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Шығындардың шекті рұқсат етілген деңгейі 5-10%-ға төмендетілді, – деді Қымбат Бейсенов.

Бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын, тұрғын үй көмегін көрсету процесінің ашықтығы мен бақылауды қамтамасыз ететін заманауи цифрлық шешімдер енгізіледі. Қымбат Серікұлы «SMART TURMYS» ақпараттық жүйесі енгізілетінін айтты.

– Ұлттық жобаны іске асыру үдерісінің барлығы цифрландырылып, автоматтандырылады. Атап айтқанда, «SMART TURMYS» ақпараттық жүйесі қосылады. Қазіргі уақытта ұлттық жобаның ресми веб-сайты (modernization.kz) іске қосылды, кеңес алу үшін байланыс орталығы құрылды, барлық қатысушыларға арналған нұсқаулық әзірленді. Электрондық сатып алудың бірыңғай порталы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ, тариф реттеушісі «Монополист» базасымен интеграция жұмыстары жүргізілуде. Осы қабылданып жатқан шаралар құжаттарды қалыптастырудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі бүкіл үдерістің ашықтығы мен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – дейді спикер.

Қарағанды қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

2025 жылғы 26 қазанда Қарағанды қаласының № 8 және № 14 сайлау округтерінде өтетін қалалық мәслихаттың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау науқаны шеңберінде кандидаттарды тіркеу процесі аяқталды.

Округтік сайлау комиссиялары қалалық мәслихаттың шығып қалған депутаттарының орнына кандидат ретінде ұсынылған 6 кандидатты тіркеді. 2 кандидат тіркеуге дейін өз кандидатурасын алып тастады.

Осылайша, қазіргі уақытта қалалық мәслихаттың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауда бір бос депутаттық мандатқа орташа бәсекелестік 3 кандидатты құрайды.

Тіркелген 6 кандидаттың 2 саяси партия, 4 өзін-өзі ұсынған. Үміткерлердің барлығы ер адамдар.

Барлық кандидаттар 1 ұлттың өкілдері.

2 кандидат Қазақстан Республикасы саяси партияларының мүшелері болып табылады.

Орташа жас – 44,3 жас. Барлық кандидаттардың жоғары білімі бар.

Кандидаттардың 2 – мемлекеттік мекемелерде, ұйымдарда; 2 – коммерциялық емес ұйымдарда; 2 – коммерциялық құрылымдарда жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта кандидаттардың үгіт науқаны басталды, ол ағымдағы жылғы 25 қазан 00.00 сағатқа дейін созылады.

Қарағанды қалалық мәслихатының №8 және №14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттарының орнына кандидаттарды ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА (2025 жылғы 26 қазан сайлау)

2025 жылғы 26 қазанда сағат 18:00-дегі жағдай бойынша

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
№8 сайлау округі бойынша				
1.	Истимесов Марағат Буромбаевич	1978	аға оқытушы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ, Қарағанды қаласы	өзін-өзі тәртібімен
2.	Қарыбаев Саят Ермекович	1970	метрология қызметінің бастығы «Kegoc» АҚ, Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Толесов Ербол Уалиевич	1969	бас директор «Қарағанды Су» ЖШС, Қарағанды қаласы	«АМАНАТ» партиясы» ҚОФ Қарағанды қалалық филиалы
№14 сайлау округі бойынша				
1.	Аданов Куанышбек Буланович	1979	ректор «BOLASHAQ» академиясы» ЖМ, Қарағанды қаласы	«АМАНАТ» партиясы» ҚОФ Қарағанды қалалық филиалы
2.	Сериков Занғар Мадиярович	2000	сектор жетекшісі «Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ, Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Тулегенов Ертай Лерикович	1988	Бөлім басшысы «Қарағанды облысының еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ, Қарағанды қалалық сайлау комиссиясы	өзін-өзі ұсыну тәртібімен

• РЕСМИ

Тариф әзірге тұрақты

Жыл соңына дейін коммуналдық тарифтер өспейді. Кешенді саладағы жаңғырту жұмыстары мен инвестициялар тарту үдерісі жалғасады.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті өкілдерінің хабарлауынша, Үкіметтің жоспарларына сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін халық үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді көтеру қарастырылмаған. Оңтайлы шешім халықтың әлеуметтік әл-ауқатын сақтау және инфляциялық қысымды шектеу мақсатында қабылданып отыр. inbusiness.kz ақпарат көзіне сүйенсек, тарифтердің уақытша тұрақтылығына қарамастан, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, инженерлік желілерді қайта жаңарту және салаға инвестициялар тарту бойынша жүйелі жұмыстар жалғасты бола тұспек. Аталған кешенді шаралар тірішілікті қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етпек.

Комитет тарабының алға тартқан мәліметінше, үйлестірілген тәсіл бір мезгілде экономикалық тұрақтылықты сақтап, халықты инфляциядан қорғауға, әрі коммуналдық сектордағы ұзақ мерзімді тиімділікті арттыруға мүлтіксіз мүмкіндік береді.

Осылайша ресми билік әлеуметтік қорғау мен инфрақұрылымды дамыту арасындағы тепе-теңдікті ұстануда. Бағаны бақылау шаралары экономиканы тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, осы жылы жалпы инфляция деңгейін 10-11% шегінде ұстап тұру көзделіп отыр. Ал, тариф атаулысын уақытша тоқтату – әлеуметтік маңызы бар салаларда бағаның негізсіз өсуіне жол бермеудің маңызды тетігі. Атаулы шешім халықтың сатып алу қабілетін қолдауға және күнделікті өмір сапасын сақтауға тікелей игі ықпал етеді.

– Бұл ретте мемлекет коммуналдық саладағы инвестициялық белсенділікті қысқартпайды. 2025 жылға салымдардың жалпы көлемі шамамен 643 млрд теңгені құрайды. Қаражат бүкіл ел бойынша 8542 шақырым инженерлік желілерді жөндеуге жұмсалады.

Сатып алу рәсімдері аяқталды, ал, құрылыс және жөндеу жұмыстары бекітілген маусымдық кесте бойынша жүргізіледі. Бұл тозу деңгейін төмендетуге, инфрақұрылымның сенімділігін және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деп атап өтті ведомство өкілдері.

Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарды қолдау бағытында да нақты қадамдар қолға алынған. Елімізде коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстарды өтеуді көздейтін Тұрғын үй көмегінің тетігі жұмыс істейді. Егер коммуналдық төлемдер отбасының табысының 5-10% аралығынан асып кетсе, онда осы айырмашылық жергілікті әкімдіктердің бюджеті есебінен өтеледі. Атаулы тұрғын үй көмегі үй шаруашылықтарының қаржылық жүктемесін азайтуға және коммуналдық қызметтерге қолжетімділікті сақтауға ықпал етеді.

Осылайша, тариф тұрақтылығын сақтау жөніндегі мемлекеттік бастама – тек уақытша әлеуметтік жеңілдік қана емес, сонымен қатар, экономикалық және инфрақұрылымдық реформалардың ұзақ мерзімді страте-



Сурет ашық дереккөзінен

гиясымен сабақтасқан жүйелі шешім. Бір жағынан, кешенді шара азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін инфляциялық қысымды жеңілдетіп, халықтың сатып алу қабілетін

сақтап қалуға оң ықпал етсе, екінші жағынан инженерлік желілерді жаңғыртуға бағытталған ауқымды инвестициялар арқылы коммуналдық сектордың болашақтағы тұрақтылығын қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді. Осы ретте тарифтік саясаттың болжамдылығы мен әлеуметтік қолдау құралдарының нақты жұмыс істеуі мемлекет пен қоғам арасындағы сенімнің нығаюына жол ашпак.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Орта Азияға ортақ орталық

Қарағандыдағы №3 көпсалалы аурухананың базасында эндоскопиялық оқу-референс орталығы өз жұмысын бастады. Еліміз бойынша екінші болып өнірімізде ашылған эндоскопиялық оқу орталығы Қазақстанның ғана емес, Орталық Азия елдерінен келген эндоскопист-дәрігерлердің кәсібилігін шыңдап, диагностиканы жаңа деңгейге көтеретін заманауи білім беру хабына айналмақ. Орталық әлемдік көшбасшы Olympus компаниясымен стратегиялық әріптестік аясында ашылып отыр.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заманауи эндоскопиялық орталық Evis X1 эндоскопиялық жүйелері мен жоғары технологиялы симуляторлармен жабдықталған. Осындай озық оқу үдерісі халықаралық стандарттарға сай кәсіби біліктілікті арттыруға және диагностикадағы озық әдістерді тәжірибеге енгізуге септеседі. Бұл жүйе эндоскопияны жасанды интеллектпен бірге жаңа деңгейге көтеріп, дәрігерге көзге көрінер-көрінбес өте кішкентай ісіктерді анықтауға көмектеседі. Сапалы колоноскопия әдістеріне және ADR (Adenoma Detection Rate – аденоманы анықтау көрсеткіші) есебін жүргізуге баса назар аударылады. Бұл көрсеткіш колоректалды обырды (тоқ ішек пен тік ішектің қатерлі ісігі) ерте анықтау мен алдын алуға әсер етеді. Осылайша, бұл жүйе мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Оқу орталығының ашылуы – медициналық жабдықтар саласындағы әлемдік көшбасшы Olympus компаниясымен әріптестік аясында қол жеткізген бастанба. Серіктестер Қазақстанда кәсіби білім беруді дамытуға инвестиция салуды қолдады.

Эндоскопиялық оқу орталығы Қарағандыдағы №3 көпсалалы аурухананың базасында ашылуы тегін емес. Өйткені, мұнда білікті мамандар жұмыс істейді. Сондықтан, Olympus OCG директоры Томаш Ставарский орталықты Алматыдан кейін, Қарағанды қаласында ашу туралы шешім қабылданғанын айтты.

– Біз ынтымақтастығымыздың сәтті әрі нәтижелі болатынына сенім білдіреміз. Озық технологиялар мен жоғары кәсібилік тоғысқанда, табысқа жетуге болады. Біздің миссиямыз – наукас өмірін сау, қауіпсіз әрі мазмұнды ету. Осы мақсатта біз дәрігерлермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге ерекше мән береміз. Өйткені біз тек жоғары сапалы, озық медициналық құрал-жабдықтарды шығарып қана қоймай, сол өнімдерге толық жауапкершілікпен қараймыз.



Біз бұл жабдықтармен жұмыс істейтін дәрігерлердің кәсіби шеберлігін ұдайы арттыра түскенін қалаймыз. Сондықтан, бұл жоба Olympus компаниясының қолдауына ие болды, – деді Томаш Ставарский.

Эндоскопиялық оқу орталығының ашылуына арнайы қатысқан облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков пен денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжебаев жаңа орталықтың медицина саласын дамытудағы маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, ортақ жобаны жүзеге асыруға бастамашы болған Olympus OCG компаниясына алғыс білдірді.

– Оқу орталығы мамандардың біліктілігін арттыру ісінде үлкен әлеуетке ие. Мұндай ортақ жобаның жақын арада өз жемісін беретініне сенімдімін. Біздің дәрігерлер азаматтарымыздың денсаулығына зор жауапкершілікпен қарайды. Онкологиялық ауруларға қатысты статистика, өкінішке қарай, мақтануға тұрарлық деңгейде емес. Скринингтік қызметтердің ауқымы мен сапасы артты, соның арқасында бүгінде онкологиялық ауруларды ерте



анықтау нәтижелеріне қол жеткізіп отырымыз. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру – басты міндеттердің бірі. Осы орайда, өз ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын, қоғам саулығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген мамандарға шын жүректен алғыс айтқым келеді, – дей келе, бұл жоба әрі қарай жалғасын табатынына сенім білдірді Ораз Тәуірбеков.

Аурухананың бас дәрігері Гамал Токсамбаевтың айтуынша, оқу орталығының ашылуы – өңірдің ғана емес, еліміздің медицина саласы үшін аса маңызды оқиға.

– Қарағанды облысында халықтың қажеттілігін өтеп отырған заманауи эндоскопиялық орталық бар. Енді біз басқа елдер мен өңірлердің дәрігерлеріне өз білімімізбен бөлісе аламыз. Мұнда дайындалған мамандар анағұрлым дәл диагностика жасап, тиімді ем жүргізе алады. Демек, бұл Орталық Азиядағы медициналық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді, – деді бас дәрігер.

Орталық 2021 жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда колоноскопиядан бөлек, гастроскопия, бронхоскопия, энтероскопия, ұйқы безі мен лимфа түйіндерінің, өкпенің эндосонографиясы жасалады. Облыстың басқа клиникаларында мұндай эндосонография жоқ. Болған күннің өзінде, онымен жұмыс істейтін арнайы дайындалған мамандары жоқ екен. Ал №3 көпсалалы аурухана базасындағы эндоскопиялық орталық – облыс көлеміндегі баламасы жоқ жалғыз орталық.

Эндоскопиялық орталықтың меңгерушісі, жоғары категориялы дәрігер-хирург Индира Хамитова оқу процесінің қалай өтетінін түсіндірді.

– Орталықтың оқу бағдарламаларына теориялық курстар мен тәжірибелік сабақтар кіреді. Тәжірибе заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалана отырып, симуляторларда да, нақты клиникалық жағдайда да өткізіледі. Бұдан бөлек, біз дәрігерлерге наұқасты процедураға моральдық және физикалық тұрғыда дайындауға үйретеміз. Бұл мамандардың біліктілігін арттырып қана қоймай, ем жүргізу сапасын және науқасқа көрсетілетін көмекті айтарлықтай жақсартады, – деді Индира Хамитова.

Айтуынша, дәрігерлердің процедуралармен дұрыс әрі сапалы жұмыс істей білуі өте маңызды. Орталықтағы колоноскопия – аса жоғары дәлдікті, кәсіби шеберлікті талап ететін процедура. Бұл тексеріс дұрыс орындалмаған жағдайда ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан дәрігер тек жабдықты қолданудан бөлек, пациентпен дұрыс байланыс орната алуы, әр кезеңде барынша мұқият болуы қажет. «Сондықтан, осындай эндоскопиялық орталықтың маңыздылығы – дәрігерлерді техникалық жағынан дұрыс жұмыс істей білуге үйретіп, қатерлі ісіктерді тиімді анықтай алатындай деңгейге жеткізуімізде», – дейді Индира Хамитова.

Эндоскопиялық орталық озық технологияларды меңгеретін маңызды алаңға айналып, диагностика мен медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік бермек.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖОБА

Ортопедияда озық әдіс

Қарағанды медицина университетінің ғалымдары ортопедиялық хирургия саласында жаңалық әкелетін жобаға кірісті. Олар сүйекке орнатылатын «ақылды импланттар» жасап жатыр. Жаңа импланттар биосәйкестік қасиетке ие, яғни, адам ағзасына тез бейімделіп, сүйекпен бірге бітетін болады.



Сурет ашық дереккөзінен

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның құрамына антибиотиктер мен сүйек тінін тез өсіретін арнайы заттар қосылады. Бұл наукас жарақатының тез жазылуына, әрі қайта ота жасау қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді. Ғалымдардың айтуынша, мұндай импланттарды қолданған кезде емделу уақыты екі есе қысқарады. Импланттарды жасау үшін 3D-басып шығару сияқты жаңа технологиялар қолданылады. Бұл тәсілмен кез келген күрделі пішін жоғары дәлдікпен дайындалады. Ғалымдар әзірлеген материал сүйекке өте ұқсас құрылымға ие болғандықтан, ол ағзаға тез бейімделмек.

Жоба аясында сүйек түтікшелері мен бас сүйегіне арналған импланттардың үлгілері жасалып, сынақтан өтеді. Оларды дайындау үшін полисүт қышқылы және оның туындылары қосылады. Жаңа материалдың құрамына антибиотиктер мен кальций тұздары бар. Бұл олардың ағзаға бейімделуін жеңілдетіп, әр науқастың жеке қажеттілігіне орай қолданылады.

– Біздің басты мақсатымыз – қолжетімді әрі тиімді импланттарды жасау. Ол үшін биоажыратылатын жаңа материалдарды қолданамыз, – дейді жобаның жетекшісі, профессор Азамат Едрисов. – Арнайы сынақтар жүргізіп, оның қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдейміз. Дәстүрлі титаннан немесе қарапайым пластиктен жасалған бұйымдардан айырмашылығы – бұл материалда сүйек өсуін ынталандыратын қоспаларда. Соның арқасында науқастың жазылу уақыты екі есе қысқарады және артық операциялар қажет болмайды. Бүгінде біз бұл жаңалыққа Қазақстаннан бөлек, еуразиялық және америкалық патент те алдық, – деді профессор.

Жоба аясында түтікше тәріздес сүйектер мен бас сүйегіне арналған прототиптер әзірленіп, сынақтан өтеді. Әсіресе, 12 жасқа дейінгі балаларға жасалатын бас сүйегін қалпына келтіру оталарына ерекше көңіл бөлінбек. Жаңа материалдың ерекшелігі сол – оның құрамындағы қоспалар сүйектің тез әрі дұрыс өсуіне жағдай жасайды. Жоба жетекшілерінің айтуынша, алдағы уақытта жаңа технология медициналық қызмет сапасын арттырып, отандық өнімді нарыққа шығаруға жол ашады.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Ауылдың аңқасы кеппейді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде жылдың соңына дейін ауыл-аймақты ауызсумен толық қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынды. Бұл бағытта аймақта да айтарлықтай ілгерілеу бар. Қазіргі таңда қала халқының 99,4 пайызы, ауыл тұрғындарының 97,9 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Бұл тапсырмаға белсене араласқан Бұқар жырау ауданы биыл ауызсу мәселесін шешуде тын серіп танытты. «Су – ырыстың көзі» демекші, баспасөз туры аясында ауызсу тартылған ауыл тұрғындарының тұрмысының едәуір жеңілдеп, көңілі орныққанын көзбен көріп қайттық.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн көзінің көмегі – су тегін

Бұқар жырау ауданында барлығы 68 елдімекен бар. Жыл басында олардың 62-сінде орталықтандырылған ауызсу жүйесі болды. Биыл аудандық бюджет есебінен қаржы бөлініп, қалған алты ауылға да ауызсу жеткізілді. Қазір тек техникалық рәсімдер – құжаттандыру мен балансқа алу жұмыстары жүріп жатыр. Аудан орталығынан шалғай жатқан Алабас ауылында ауызсу мәселесі заман талабына сай жаңашыл әдіспен шешілді. Мұнда арнайы автоматтандырылған блок-модульді сорғы станциясы орнатты. Ең қызығы, ол күн энергиясымен жұмыс істейді. Бұл – облыс аумағында алғаш рет жүзеге асқан қанат қақты жоба.

– Станция толықтай автоматтандырылған. Ұңғыма (скважина) суды 80 метр тереңдіктен тартып, үш ірі резервуарға жинайды. Әр резервуардың сыйымдылығы 5 тонна болса, жалпы

қор – 15 тонна. Одан әрі заманауи итальяндық сорғылар арқылы су ауыл ішіне тарайды. Жобаның тағы бір ерекшелігі – ауыл халқы суды тегін пайдаланады. Себебі күн энергиясы қондырғыға тұтынуға толықтай жеткілікті. Қондырғының барлығы энергия үнемдеуші жасанды зерде (интеллект) арқылы басқарылады. Қажет кезде ғана іске қосылып, артық қуатты ысырап етпейді, – деді мердігер Айдос Ыдырысов.

Жобаның артықшылығы – қондырғы тек су өндіріп қана қоймай, қажетті электр қуатын өзі өндіретіндігінде. Ауыл халқының шағын екендігін ескерсек, бұл шешім өте оңтайлы. Қазіргі таңда қондырғыға 31 күн панелі орнатылған. Әрқайсысының қуаты – 550 Ватт. Жылына шамамен 40 мың кВт-сағат энергия өндіріледі. Ал, станцияның қажеттілігі 30 мың кВт-тың айналасында ғана. Артық қалған 10 мың кВт электр қуаты желіге беріліп, қайта пайдаға аслады.

– Бұрын біз үшін су тасу – машакаты мол жұмыс еді. Қазір әр үйге құбыр кірген, су тасудың қажеті жоқ. Ең бастысы – тегін. Күнделікті тұрмысымыз, шаруа



да ыңғайланып қалды. Осындай жағдай жасап отырған әкімдік пен мердігер компанияға риясыз ризашылығымызды білдіреміз, – дейді ауыл азаматы Асылбек Дүйсебеков.

Ащы судан – тұщы суға

Халық саны небәрі 22 адамды құрайтын Ескі Тұзды елдімекенінде де биыл ауызсу түйткілінің түйіні тарқатылды. Ауылдың аты айтып тұрғандай су – ащы болатын. Биыл ауылға шағын блок-модуль жасакталды. Жоба аясында арнайы ұңғыма қазылып, контейнер ішіне су сүзгілеу жүйесі мен шағын су қоймасы орнатылды. Қондырғы суды тазалап, тұрғындарға сапа-

Екі айда келген игілік

Бірінші Май ауылында биыл ауызсу тарту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Бар болғаны екі айдың ішінде ауылға жалпы ұзындығы 6,2 шақырым құбыр жүргізілді. Оның 800 метрі магистральға жалғанса, ал, қалғаны ауылішілік желіге жұмсалды.

Мердігер Марлен Жұмановтың айтуынша, бастапқыда жоба тек магистральдық және ішкі желілерді тартумен шектелген

екен. Алайда, компания басшысы өз бастамасымен әрі әкімшілікпен бірлесе отырып, қосымша қаражат есебінен үйлерге дейін су жеткізуді қолға алған. Қазір жұмыстың 95 пайызы орындалды, тек аздаған абаттандыру жұмыстары ғана қалды.

Түйін

Су – тіршілік нәрі. Аймақтағы ауылдардың ауызсумен қамтылуы – ел ертеңіне жасалған нық қадам. Әр үйге жеткен таза су – тұралап қалған тұрмысты жандандырып қана қоймай, елдімекендердің де енесін тіктей түседі. Бұқар жырау ауданындағы жасалып жатқан игі істер – соның айқын дәлелі.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Байыпты бағдарлама, лайықты сапа

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет», – деді. Өңірде осы бағытта неңдей негізгі мәселер кезігуі кәдік? Енді не күтуге болады? Жауап іздеп көрелік...



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тенгерімді технология

– Ауық-ауық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен мұндай қадағалау жиындарын өткізіп тұрамыз. Биылға 1 млрд 230 млн теңгедей қаражат қарастырылды. Бар мәселе түпкілікті қадағалауда, – деді табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы Қымбат Бейсенов.

Өз кезегінде «Теплотранзит Қарағанды» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бас директоры Андрей Ляпуновтың айтуынша, облыс орталығында атаулы бағдарлама аясында жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары жалғасын табады. Мәселен, «Астананж-комстрой» ЖШС мердігер ұйымы 2023-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Энергетикалық бөлімді тұтастай реконструкциялау амалдары іске асып жатыр. Айталық, сорғы жабдықтары үр жаңа өнімділігі жоғары және жиілігі өздігінен реттелетін заманауи қондырғыларға ауыстырылуда. Диаметрі үлкейтілген жаңа құбырлар, арматура және сүзгілер орнатылып жатыр. Сонымен қатар, температураны реттеу торабы мен шығын өлшегіш құралдар да қойылуда. Құрылыс-монтаж жұмыстары, сумен қамтамасыз және көріз жүйелері жүргізілуде.

Расында Қарағандыдағы жылу желілерінің жаңаруы – өңір үшін маңызды терең әрі стратегиялық жоба. Жұмыс ауқымы кең болғанымен, нақты нәтижесі көзге кезең-кезеңімен көріне түспек. Теңдессіз технологиялардың енгізілуі мен жылу жүйелерінің тиімділігін арттыру халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, жаңғырту жобалары қаланың экологиялық жағдайын да жақсартады. Себебі, ескірген инфрақұрылымның орнына заманауи, энергиялық тиімді құрал-жабдықтар енгізіледі. Алдағы жылдары Қарағанды тұрғындары жылу жүйелерінің тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істейтініне бек сенімді бола алады. Есесіне, мақсатқа жету үшін, барлық тараптардың ынтымақтастығы мен жауапкершілігі аса маңызды. Ең бастысы, осы жұмыстардың барлығы қоғамның игілігі үшін, ұзақ мерзімді нәтижеге жету жолында жүргізіліп отыр.

Нақтыласак, С.Мұқанов көшесі 1/6 мекенжайындағы диаметрі 57-500 мм болатын жылу желісі учаскелері жаңартылып келеді. Жаңа құбыр желісінің ұзындығы 1,65 шақырым. Енді бұрынғыдай жылу жүйелеріндегі ақаулар мен үзілістер болмауы тиіс. Құбырлардың жаңаруы мен диаметрлерінің үлкеюі жылу желісінің өнімділігін арттырып, энергия шығындарын азайтуға жағдай жасайды. Жаңа материалдар мен жоғары технологиялық жабдықтар, соның ішінде, арматура, сүзгілер және температураны реттейтін құралдар орнатылып жатыр. Құрылыс жұмыстары барысындағы жылдамдық пен сапа алғы басымдықта. Әр кадам мұқият жоспарланып, қала тұрғындарына мүмкіндігінше аз қолайсыздық туғызуда тырысып жатыр. Ал, жаңа құбыр желісінің орнатылуы тек техникалық тұрғыдан ғана емес, халықтың энергетикалық қауіпсіздігін арттыру тұрғысынан да үлкен өмірлік мәнге ие.

Қосымша қуат көзі

Әлихан Бөкейхан ауданы, Архитектурная көшесі 13 мекенжайында араластыру торабынан



шығатын жылу желілерін жаңарту амалдары іске асып жатыр. Мұнда құбыр диаметрлерін үлкейтіп, әрмен қарай орнату әдісін өзгерту қарастырылған. Тұрғын үйлер мен кәсіпорындарға жылу жеткізуді қамтамасыз ету үшін қосымша тармақтар қосылуда. Реконструкцияланатын құбыр желісінің ұзындығы – 1,6 шақырым.

– Мұнда сорғы құрылысын реттеу мен автоматикалық жүйе жұмысын жолға қою үдерісі іске асуда. Әдепкі темір тұрбалар заманауи қапталған құбырларға ауыстырылып жатыр. Жалпылай алсақ, көздеген межені уақытында еңсердік десек, болатындай. Жылыту маусымы басталар шақта тек құрылғы атаулысын бір тексеріп алып, іске қоса береміз, – деді «Теплотранзит Қарағанды» серіктестігінің бас директоры Андрей Ляпунов.

Жобаның маңызы зор. Жаңартылған жылу желілері бір ауданның немесе қала тұрғындарының қамы ғана емес, мұқым облыс деңгейінде энергия тиімділігін арттырып, жылу жүйесінің жұмысын сапалы әрі тұрақты ету үшін қажет. Ел ішінде қуат көздеріне деген сұраныс артақан сайын, мұндай жаңашылдықтың маңызы да еселеп өсіп отыр. Құбыр диаметрлерінің үлкеюі мен заманауи қапталған құбырлардың орнатылуы осы айтқанымыздың өзектілігін айқынырақ көрсететіндей. Бұрынғы темір тұрбалар өз міндетін атқарғанымен, қазіргі талаптарға сай емес еді. Ал, жаңартылған жүйе энергияны тиімді пайдалану, үнемдеу және апат жағдайларының алдын алу мақсатында жаңарған.

Жылыту маусымы басталғанын ескерсек, алдымен әлеуметтік нысандар жылуға қосылып, осы кезеңде тұрғын үйлерге жылу жеткізу мәселесі біртіндеп шешіледі. Алайда, үздіксіз үдеріс оңай әрі бірден жүзеге асатын жағдай болмаса керек. Көпшілікке сол тақылеттес техникалық аспектілер көп жағдайда түсініксіз болып келеді. Жергілікті коммуналдық қызметтер өкілдері қым-қуат кезеңде тұрғындарды тағат етуге шақырады. Әлеуметтік нысандар жылуға қосылса да, магистральді желілер мен жалпы жүйенің жұмысын реттеу үшін біршама уақыт қажет.

Бүгінде қала аумағында 67 сорғы стансасы жұмыс істейді. Стансалар саны қаладағы жылу жүйесінің көлемін, күрделілігін әрі оны басқарудың маңыздылығын айғақтайды. Әр сорғы стансасының өзіне тән «міндеттері» бар. Олардың барлығы біртекті де біркелкі синхронды жұмыс істегенде ғана қаланың жылу жүйесі біртұтас әрі тұрақты бола түспек. Ал, қазіргі кезде стансалардың жұмысын реттеу, температурасын тұрақтандыру үшін мамандар білек сыбанып, жең түрініп, еңбек етуде. Желіде

жүріп жатқан жөндеу жұмыстарымен қатар, жүйеге қосылған қосымша қондырғылар мен бақылау жүйелері жылу тасымалдауды барынша үйлестіріп, үздіксіз қызмет көрсетуге септеседі.

Алты ай қысқы кідіріссіз

сарапшылардың айтуынша, өндіріс саласы неғұрлым дамыған сайын, оған сай келетін кәсіби мамандарды даярлау жүйесі де өз кезегінде дамуы қажет. Мәселен, дәнекерлеуші немесе экскаватор жүргізушісі сияқты



үдерістің ұзақтығы мен күрделілігін ескере отырып, тұрғындарға жылу жүйесінің толық іске қосылуы үшін бірқатар уақыт керек екендігі жөнінде хабарландырулар жасалып, келелі мәселеге түсіністікпен қарау талап етілуде. Технологиялық жұмыстар барысында температура көрсеткіштері ретке келтіріліп, жылу тарату қызметі біртіндеп қаланың әр түрлі бөліктерінде жүзеге асырылады. Коммуналдық қызметтер өкілдері тұрғындардың жылуды асыға күтіп отырғанын жете түсінеді. Алайда, жүйенің тұрақты жұмыс істеуі үшін барлық жұмыстардың сапалы әрі мұқият жүргізілуі аса маңызды.

Экскаваторшы мен дәнекерлеуші

Өндіріс саласы әрдайым күрделі. Қазіргі таңда компаниялардың көпшілігінде кәсіби мамандарға деген сұраныс артып келеді. Мәселен, негізгі капиталы 4,5 миллиард теңгеге құраған ірі компаниялардың бірі – өндіріс жұмысына қажетті 120 білікті маманға зәру екендігін де жұртшылық қаперіне салып өтелік. Әсіресе, дәнекерлеуші және экскаватор жүргізушілері сынды қарапайым еңбекшілерінің тапшылығы анығырақ байқалуда. Мұндай мамандықтар бүгінде көптеген оқу орындарының бағдарламасынан да тыс қалып барлады деседі сала өкілдері. Бұрындары «Теплотранзит Қарағанды» компаниясында 67 жұмыс бригадасы қызмет етіп, ауқымды өндірістік жұмыстарды атқарған болса, қазір сол сан үш есеге дейін төмендеген. Әнекей де мінекей, тосын жағдай өндіріс процестерінің тежелуіне және компаниялардың жұмыс күшіне деген тәуелділігінің артуына себепші болуда.

Қарапайым мамандықтарға деген сұраныс ұлғайғанымен,

мамандықтарды оқытатын оқу бағдарламалары әлсіреген. Бұрын бұл мамандықтар жоғары сұранысқа ие болғанымен, қазіргі уақытта жастардың өз болашағын тек теориялық мамандықтармен байланыстыратын тенденциясы байқалуда. «Қандай шешімдер қажет?» десек, өндіріс саласындағы кадр тапшылығы еліміздің басқа да өңірлерінде өзекті мәселеге айналуда. Бұдан шығудың жолы – жұмысшы мамандықтарын оқытатын арнайы оқу бағдарламаларын жаңартып, еңбек нарығына бағытталған оқу орындарының санын арттыру дейді олар. Сонымен қатар, кәсіпорындар мен оқу орындары арасындағы байланыс нығайтып, студенттерді өндірістік тәжірибемен қамтамасыз ету қажет. Осылайша, теориялық білім мен нақты өндіріс дағдылар арасындағы алшақтықты жоюға болады. Қарағандыдағы өндірістік компаниялардың алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі – осы маман тапшылығын шешу және өз кадрларын даярлау мәселесіне ден қою. Бұл өз кезегінде, жергілікті өндіріс тиімділігін арттырып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Әйтпесе, күрделі экономикалық кезеңде қарапайым мамандықтар сұранысқа ие болғанымен, оларды даярлау ісі елеусіз қалуы да кәдімкі дүние.

Ынтымақ ықтияры

Қайыр-қош, бүгінде инвестициялық бағдарлама шеңберінде қаражат толықтай игеріліп, қажетті стансалар түгелдей дерлік жаңғыртылды. Тұтынушылар саны күннен-күнге артып, экономиканың өсімі мен қала инфрақұрылымының дамуының дәлелі ретінде көптеген тұрғын үй кешендері жыл сайын бой көтеруде. Жағымды тіршілік жағдаяттары жылу желілерінің ауқымын кеңейту қажеттілігін тудырады. Өйткені, жаңа тұрғын үйлердің



жылу жүйелері мен энергия тұтыну көлемі артауда. Ал, биылғы жоба құны – 2 миллиард теңге шамасында. Алайда, ең өзекті мәселелердің бірі құрылыс материалдарының жеткізілуі мен қажетті жабдықтардың тасымалдануында туындаған. Осы тұрғыда негізгі құрылыс жабдықтарының көп бөлігі көршілес Ресейден әкелінеді. Осыған орай, тиісті рәсімдер мен құжаттарға қол қою, сондай-ақ, тауарларды жеткізу үшін қажетті уақыттың өзі алты айға дейін созылған көрінеді. Іске асыру кезеңінің ұзақтығы құрылыс жұмыстарының бастапқы кестесінен ауытқуына және жобаның жүзеге асырылу уақытын кейінге қалдыруға себепкер болды.

Қым-қуыт жұмыс барысындағы сантүрлі кедергілерге қарамастан, салалық департамент өкілдері мен компания басшылығының арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейі атап өтілді. Олар мұндай жағдайларда өзара ашықтық пен келісімге жету үшін тығыз жұмыс істеді. Нәтижесінде жобаның жүзеге асуы үшін қажетті барлық шешімдер уақытында

қабылданды. Құрылыс кезеңінің уақытша кешеуілдеуі тек сыртқы факторларға байланысты болғанымен, қазіргі уақытта барлық жұмыс қайтадан жолға қойылып, алдағы уақытта тиісті жоспар бойынша жүзеге асырылады деп күтілуде. Жоба – тек аймақтың жылу желілері мен тұрғын үй инфрақұрылымының кенеюі ғана емес, сондай-ақ, салалық департамент пен жеке компаниялар арасындағы үйлесімді жұмыс үлгісін көрсетуімен де маңызды. Әріне, құрылыс материалдарының жетіспеушілігі мен жеткізілімнің кідірісі салдарынан туындаған қиындықтарға қарамастан, байыпты бағдарламаның тиімді жүзеге асуы үшін барлық тараптар өз міндеттерін адал орындауға барынша күш салған екен.

Асылы, қандай да бір ауыртпалық пен кідірістерге толы жолда сенімді серіктестік, бірлескен күш-жігер және ортақ мақсатқа деген адалдық қай жоба мен жатаның болсын, шынайы қозғаушы күшіне айналды. Бұл – кешегі кідірістермен сыртқы факторлар іске деген сенімді сөндірмеді. Салалық департамент пен компания басшылығының арасында қалыптасқан мызғымас ынтымақтастық, ашықтық, сенім мен келісім рухы арқасында қиындықтар жаңа шешімдерге жол ашты. Бұл – серіктестік пен мемлекеттік басқарудың үйлесімді тандемі қалай жұмыс істей алатынының жарқын үлгісі десек те болар. Жылу әр заманда жайылым пен қауіпсіздіктің кепілі болған. Бүгінгі күн – кешегі еселі еңбектің нәтижесі. Ертеңгі күн – ынтымақпен өмірлен бүгінгі шешімдердің жемісі болмақ. Инвестбағдарлама байқаған болсақ, мәнді мақсат жолында біріге жұмыс істей алатын қоғам бейнесі рәушті. Және де сол қоғамның болашағы жып-жылы әрі үмітке толы.

Суреттерді түсірген автор

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Адал еңбектің абыройы асқақ

Қарапайым еңбек – елдің тірегі. Кеншілер өлкесінде Қазақстан Халық партиясы ұйымдастырған «Еңбек адамы – 2025» байқауының облыстық кезеңі өтті. Бұл – қарапайым жандардың ерен еңбегін елеп, олардың қоғамдағы орнын айқындайтын тағылымды бастама. Байқаудың мақсаты – әр күн сайын көзге көрінбей, үнсіз еңбек етіп жүрген азаматтардың жұмысын бағалау, олардың табандылығы мен кәсібилігін үлгі ету.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға партияның орталық аппаратынан арнайы өкілдер қатысып, түрлі салада тер төгіп жүрген еңбек иелеріне лайықты марапаттарды табыстады. Байқау жеңімпаздары түрлі мамандық иелері. Олар ортақ мүдде жолында қажырлы еңбек етіп жүрген жандар. Жетістігі – елге қалтқысыз қызмет етудің жарқын көрінісі.

Мысалы, Қарашаш Бүкеева «Қарағанды жоғары медициналық интерколледжінде» вахтер болып еңбек етеді. Ол өз жұмысына деген жауапкершілігімен және сабырлы мінезімен «Тыныштық кепілі» атанды. Ал, Дмитрий Дудко (ЖШС «Kristallstroy») еңбек қауіпсіздігі саласында кәсіби шеберлігімен танылып, «Еңбек қауіпсіздігі мен сапасына қосқан үлесі үшін» номинациясын жеңіп алды. Шнаймиллер Ирина ЖИТС-пен жүрген орталығының тәжірибелі дәрігері ретінде «Үздік медицина қызметкері» аталымында топ жарды.

Одан бөлек, Қалқаман Әбілғазиев көпшіліктің дауысымен таңдалған, күн сайын аула тазалап, қаланың көркі үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген қарапайым сыпырушы. Ол – «Халық таңдауы» номинациясының иегері. Ал, «Еңбек әулеті» аталымында жеңіске жеткен Құдабаевтар отбасы бірнеше буын бойы «Қарағанды Су» мекемесінде қызмет атқарып келе жатқан іргелі еңбек династиясының өкілі. Жастар арасынан ерекшеленген «Balpan» орталығының дефектологы Сабина Ержанова «Жас маман» ретінде жаңа буынның сенімді өкілі екенін дәлелдеді.

Мамандыққа деген шексіз адалдығы үшін Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының» кір жуу машинисі Назигүл Рысбаева марапатталды. Ол өз ісін тиянақты атқарып, көптің алғысына бөленген жан. Сонымен қатар, қайырымдылық пен еріктілік қозғалысын қолдап жүрген «Қарағанды медициналық интерколледжіннің» оқытушысы Әсем Байтасова «Еріктінің жүрегі» аталымының лайықты иесі атанды.

Байқау аясында Балқаш қаласынан да озат еңбеккерлер анықталды. «Үздік механизатор» – «Тастемір» ЖШС келген Саит Садақасов, «Үздік жүргізуші» – «Балқаш жылу» ЖШС атынан қатысқан Манарбек Смаилов, «Үздік тракторшы» – «Зеленстрой-Т» ЖШС қызметкері Алтыбай Сағындықов, «Үздік энергетик» – «Балқаш энерго» ЖШС келген Нұрлан Отыншин, ал, «Үздік құрылысшы» атағына «Жібек Жолы» ЖШС өкілі Қаныш Қалауов ие болды. Бұл азаматтар – Балқаш қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген нағыз кәсіби шеберлер.

«Еңбек адамы – 2025» байқауы – қоғамдағы нағыз батырларды танытатын жоба. Қарапайым еңбек иелерінің өмірі мен қызметі – қашанда жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Қазақстан Халық партиясы осындай бастамалар арқылы еңбекке құрметті күшейтіп, ел ішіндегі әлеуметтік әділеттілік пен адам еңбегін бағалауды басты орынға қойып отыр.

Құрыш қала қуаныш құшағында

Күні кеше Сарыарқаның сайын даласында Жауыртаудан Теміртауға айналған құрышшылар қаласының 80 жылдық торқалы тойы дүркіреп атап өтілді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жер де бағзы заманнан бабаларымыздың құл төккен орны еді. Ол туралы хатқа түскен алғашқы жазба деректе 1841 жылы Батыс Сібір губернаторлығы Ақмола сыртқы округіне қарасты Алсай-Алтай болысының қазақтары осында жаз жайлауда болғаны, ал 1900 жылдың қысында Елібай руы адамдарының қыстақтары орналасқаны айтылады. Содан 1909 жылы Ресейдің Самара және Саратов губерниясынан қоныс аударған орыс шаруалары Самарқанд кентін (оның неге солай аталғаны белгісіз. Мүмкін Самарадан алынған шығар – автор) құрады. Сол кезде мұнда 118 үй, екіден диірмен мен сауда дүкені, 7 құдық, мектеп пен аурухана болып, көшелері Нұра мен Қарағанды деп аталған екен.

Кеңес өкіметі орнаған соң 1932 жылы осы өлкемен ағып өтетін Нұра өзенінің суы бөгіліп, ҚарГРЭС құрылысы басталып, 1939 жылы ол аяқталады. Ұлы Отан соғысы басталғанда, кенттен майданға аттанған 300 адамның 264-і қаза тапқан. Сол 1942 соғыс жылында ҚарГРЭС-1-дің бірінші кезегі іске қосылып, станция Қарағанды өнеркәсіп аймағын, кенттер мен колхоздарды электр энергиясымен қамтамасыз ете бастайды. Осында ашылған Қазақ металлургия зауытында 1944 жылдың 31 желтоқсанында қазақстандық алғашқы болат алынып, 1945 жылдың 1 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Самарқанд жұмысшы кентінің Қарағанды қаласының аумағынан бөлінуі мен Теміртау атауын бере отырып, оны облыстық маңызы бар қалаға айналдыру туралы» Жарлығы шықты.

Міне, осы кезден Теміртау қаласының жаңа дәуірі басталып,

бүгінде ол еліміздің металлургия өндірісінің алып ошағы болып, атак-даңқы алыс-жақын шетелдерге тарады. Оны кезінде КСРО құрамында болған республикаларды мекендеген ұлттардың мыңдаған өкілдері көтеріп, дәулетіне сәулеті сай қала атанды. Сол үшін 1958 жылы Бүкілодақ екінді комсомолдық құрылыс болып жарияланып, Қазақстан Магниткасының домна пеші тұңғыш шойынын берді. Осылайша өндірістік қуаты артып, өсіп-өркендеген Теміртау қаласы 1971 жылы елімізде бірінші болып Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, Қазақ металлургия зауытына Атасу және Оңтүстік Топаркен басқармалары қосылуының негізінде Қарағанды металлургия комбинаты құрылды. Сонау тоқсаныншы жылдары шетелдік инвесторлардың қолына өтіп, «Миттал Стил Теміртау» атанған компания қайтадан отандық инвесторлар иелігіне көшіп, «ҚарМет» акционерлік қоғамы болды. Қалада бұдан басқа да «Имсталькон», «Карбид» өндірістік бірлестіктері, «Металлургқұрылыс» сияқты көптеген ірі өнеркәсіп кәсіпорындары, жоғары және орта арнаулы оқу орындары, мектеп, балабақшалар, емдеу және мәдениет, спорт нысандары жұмыс істеп, оларда мыңдаған теміртаулық еңбек етеді. Сан ұлт өкілдері мекендейтін құрышшылар қаласында қазірде 186 мыңдай адам тұрып жатса, соның 40 пайыздан астамын қандастарымыз құрайды.

Сонымен, қала мәртебесін алғанына 80 жыл толған мерейтойын тойлаған құрышшылар мекені сол күні қуаныш құшағына бөленді. Танертеңнен Бірлік алаңында басталған мерекелік шараларды теміртаулықтар ғана емес, қала қонақтары да қызықтап, тамашалады. Оның бағдарламасы бірнеше блоктарға бөлініп, бірінші «Ба-



лалар» блогында сайқымазақтары мен қуыршақтары бар анимациялық бағдарламалар, балалардың вокалдық және би ұжымдарының қойылымдары, спорттық эстафеталар ұйымдастырылса, «Жастар» блогында биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында «Болашақ мамандығы» техникалық колледждердің көрме-таныстырылымы, би жарысы, диджей-сеті, «Жастар грантын» иеленген кәсіпкерлердің көрме-сатылымы өтті. Ал, Арнайы қызметтер техникасының көрмесі блогында мерекеге жиналған жұрт әскери, полиция,

өрт сөндіру, құтқару және медициналық жедел жәрдем көліктерінің жаңа үлгілерімен танысып, «Мұражай» блогында жеке тігілген киіз үйдің ішіне Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайының экспонаттары қойылып, олар туралы осы мекеменің аға ғылыми қызметкерлері Татьяна Хмелева, Гүлім Сыздықова, Айнагүл Қадырканова кіріп-шыққан адамдарға кеңінен әңгімелеп, мол мағлұмат берді. Теміртаудың тарихынан сыр шертетін жазба деректер мен суреттерді де осыдан кездестірдік. Ал киіз үйдің жанындағы шатыр-

да жергілікті қолөнер шеберлері жасаған сәндік-қолданбалы бұйымдар сатылымға шығарылыпты.

Көпшіліктің тағатсыздана күткен концерті кешкі 17.00 сағатта басталды. Сол екі арада жаңбыр жауа бастап, қолшатырларын төбелеріне ұстаған алаң толы халық қашан ол біткенше тұрған орындарынан тапжылмады.

Мерекелік концерт басталар алдында даладағы үлкен сахна төрінен Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов пен «ҚарМет» АҚ бас директоры Вадим Басин қаланың 80 жылдығына байла-

нысты жерлеріне құттықтау тілектерін жолдаса, өзі өсіп-өнген қаласының мерейтойына арнайы келген тұңғыш ғарышкеріміз Токтар Әубәкіров те тебірене сөйледі. Сондай-ақ, теміртаулықтарды тағы да даңқты жерлестері, әншілер – Халықаралық конкурстардың лауреаты Роман Ким мен Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Жәмила Баспақованың да осы қуанышқа ортақтасып, ән салғандары бір желпінтті.

Концерттің шымылдығын теміртаулық «Жауыртау сазы» ансамблі Ықыластың «Жезкіік» күйімен ашып, «Юзель» хореографиялық ансамблінің бишілері соның әуенімен мың бұралды. Қарағанды музыкалық комедия театрының артистері де бірнеше ән орындап, жас әншілер Әдемі Найманбай мен Алуа Төлеутай «Сәлем саған, тұған ел!» әнін асқақтата шырқады.

Теміртаудың 80 жылдық торқалы тойына арнайы шақырылған Қазақстанның эстрада жұлдыздары Қайрат Нұртас, Жанар Дуғалова, Садраддин, Калифорния, «Формат» тобы да концерттің қалған бөлігінде әсем әндерімен тыңдарман қауымның құлақ құрышын қандырды. Жергілікті ақын Руза Алдашеваның сүйікті қаласының дүбірлі тойына арнаған өлеңін де ел сүйсіне тыңдап, дуылдаса қол соқты.

«Тойдың болғанынан болады-сы қызық» дегендей, Теміртаудың 80 жылдық торқалы тойы бар қызығымен өтіп, соңы отпашумен тәмамдалды.

ТЕМІРТАУ

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• ӨЗЕКТІ

Мал дәрігерінің мәртебесі қайда?

Мал дәрігерінің Кеңес кезіндегі мәртебесі келмеске кеткендей. Өйткені, ветеринар маманының бейнесі қалың, жалақысы мардымсыз. Сондықтан болар, бұл мамандықты таңдайтынның қатары сиреп барады. Бұл – жер-жердегі мәселе. Мәселен, біздің аймағымызда 100-ге тарта мал дәрігері жетіспейді. Мемлекет басшысы ветеринария саласын реформалау мен цифрландыру қажеттігін өз Жолдауында қадап айтқан болатын. Алайда, аталған саланың айналасында шикіліктің көптігі болар, кадр тапшылығы көп шаруаның шешілуіне жүйелі түрде кедергі болып отыр.



Колледжі жасаған Арнайым Қосғашы

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы ветеринария басқармасының мәліметінше, 900-ге жуық ветеринарлық маман бар көрінеді. Ал бос жұмыс орнының саны 97 екен. Салыстырмалы түрде саралап көрсек, шамамен бір ауданда мал дәрігері жоқ деген тұжырым шығады. Зейнетке шыққан және зейнет жасына жақындаған 34 ветеринарлық дәрігер қызметін әлі жалғастырып келеді. Себеп біреу – маман жоқ.

– Шынымен де, маман тапшылығы тұтас бір саланы тығырыққа тіреп отыр.

Жалақының төмендігі, оқу мерзімінің ұзақтығы (басқа мамандықтармен салыстырғанда бакалаврдың оқу мерзімі – 5 жыл), жұмыстың ауырлығы ветеринар мамандығының мәртебесін төмендетіп келеді. Осы мәселелерді шешу үшін облыс басшылығы мамандардың жалақысын көтеруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. Ауылдық жерлерде жұмысқа орналасу кезінде «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы шенберінде жас мамандарға жеңілдетілген тұрғын үй несиелері мен көтерме жәрдемақылар беріледі, – дейді ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Қайырбек Тұрсынбеков.

Жалақысының да есебін шығарып көрелік. Жалпы, мал дәрігерінің айлығы ауылдағы ең төмен жалақы ретінде саналады. Қауіпті еңбек жағдайы үшін қосымша 35-50 пайыз үстемалысын қоса есептегенде, ветеринарлық дәрігер 200-210 мың теңге қолына алады. Ал ветеринарлық фельдшердің жалақысы – 180 000 теңге, ветеринарлық санитардікі – 150 000 теңге.

– Жасыратыны жоқ, осы бір мардымсыз жалақы үшін жастар таңнан кешке дейін малдан қан алып, таңбалап, сырға салғысы келмейді. Енді-енді Үкімет тарапынан да жалақы өсіру мәселесі қозғалып отыр. Егер, мал дәрігерлерінің еңбегіне

сай 350-400 мың теңге жалақы төленетін болса, онда кадр тапшылығы шешіліп қалар деген ойымыз бар, – дейді Қайырбек Серікұлы.

Еңбек ардагері, ветеринария саласында 45 жыл қызмет атқарған Аманжол Түсіпбаев «Мал дәрігерінде жауапкершілік бар, мәртебе жоқ» деген пікірімен бөлісті. «Мал шаруашылығында тікелей еңбек ететін ветеринарлардың есіл еңбегі – көзге көріне бермейтін маңызды майдан», – дейді ардагер ветеринар.

– Ұзақ жылғы еңбек жолымда қысы-жазы малдың соңында жүріп, жұқпалы індетпен күрескен күндер көп болды. Халық біле бермейді, ветеринар маман тек ауырған малды емдемейді. Адамға жағатын аса қауіпті аурулардың алдын алушы, елдің азықтүлік қауіпсіздігінің кепілі. Соған қарамастан, ветеринария саласы жыл өткен сайын шетқақпай көріп келеді. Қазіргі таңда мал дәрігерінің мәртебесі түкке тұрғысыз күйде. Неге? Біріншіден, ветеринарлардың ыңығана артылатын жауапкершілік – өте ауыр. Бруцеллез, сібір жарасы, құтырма секілді зоонозды аурулар – тек малға ғана емес, адам өміріне де қауіпті. Осындай ауру тараған жағдайда ең алдымен, майданның алдыңғы шебінде тұратын – ветеринарлар. Алайда, жалақысы төмен. Кейбір елдімекендерде арнайы киім, заманауи құрал-жабдық, көлік мәселесі шешілмегені және бар. Елде мұғалім мен дәрігердің мәртебесі заңмен қорғалады. Ал мал дәрігері ше? Қысқасы, маман жетіспеушілігі ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп айтуға болады. Егер ветеринарлық жүйе әлсіресе, ол мал шаруашылығына, демек, ауыл экономикасына, тіпті экспорт әлеуетіне де әсер етеді, – деп, мал дәрігері мәртебесінің көп жағдайға ықпалы зор екенін айтады Аманжол Түсіпбеков.

Жастардың бұл мамандықты оқуға да ынтыасы азайып отыр. Мәселен, былтыр Мынжасар Әдековен атындағы Қарқаралы ауылшаруашылық колледжінде ветеринария мамандығы бойынша 12 түлек қана диплом алған.

– Қазір солардың 7-еуі ғана мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Сол себепті, талапкер жоғына байланысты күндізгі оқу бөлімі ашылған жоқ. Сырттай бөлімге ғана

12 талапкер қабылдадық, – дейді колледж директоры Арғын Елеусізов.

Ал Абай көпсалалы колледжі директорының міндетін атқарушы Юлия Аглиулинаның айтуынша, былтыр аталған оқу орны 24 ветеринар маманын оқытып шығарыпты. Оның 18-і дипломмен еңбек етіп жүрген көрінеді. Ал биыл бұл мамандыққа 26 студент қабылданған.

Мал дәрігері тапшылығын жою тек мамандарды толықтырумен шешілмейтінін, жалпы ветеринарлық қызметті Ауыл шаруашылығы министрлігі құрамынан алып, жеке құрылым ретінде қалыптастыру қажеттігін айтады агросарапшы Никанбай Омарханов.

– Бұл мәселеде көп түйткілді сұрақтар бар. Жалпы ветқызметті ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамынан алып, Президентке бағынатын жеке құрылым қылып құру керек. Ол үшін жергілікті әкімдердің құзыретін көтеру, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі, «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» заң, мал санағын міндеттеу, елдімекендерде мал ұстау нормативін енгізу, әр ауылда мал сою пунктін ашу, мал бағымын бақылау функциясы, жайылымдық жер заңына өзгеріс, учаскелік полиция өкілеттігін көтеру секілді сұрақтар қоса шешілу керек деп ойлаймын. Ветеринарлық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту, тұрғын үйі, жұмыс орны, көлігі, арнайы киімі, еңбек ақысы, әлеуметтік жағдайы – өз алдына. Мал дәрігерлеріне меншік түріне қарамастан, барлық мал ұстаушыларды тексере алатындай және әкімшілік хаттама толтыратын өкілеттік беру керек. Жалпы, ауыл шаруашылығында тәртіп жоқ қазір. Қазақ тәртіпсіз болмайды. Ол үшін әкімдер мен маслихаттар өкілеттігін күшейтпесе болмайды, – дейді Никанбай Иманғалиұлы.

Ауылдағы мал дәрігерлерінің телефоны дамып тапшайды. Бірі «жықлым жарақаттанып қалды» деп хабарласса, енді біреуі сенбі-жексенбі, күн-түнге қарамай анықтама жазып беруін өтінеді. Көктем қалай шығады, елдің қорасында да шықпайтын – мал дәрігерлері. Осындай еңбегі адал мамандардың маңдай терінің өтеуін лайықты төлейтін және мәртебесін қайтаратын кез жетті.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Ақсораңның ақиығы

«Тау баласы тауға қарап өседі». Бұл халық нақылы Қызыларайдай қазыналы өлкеде дүниеге келіп, Ақсораңдай асқақ тауға қарап бой түзеген Балқаш қаласының Құрметті азаматы Серік Төлегенұлы Қасымбековке арналып айтылғандай. Ол туған жерінің табиғатынан жігер, халқының пейілінен парасат алған. Ірі жобаларымен ел есінде, іскерлігімен көпке үлгі болған азаматты ел ішінде құрметтеп «құрылыс саласының серкесі» деп те атайды. Шын мәнінде, оның еңбек жолы – бүгінгі жастарға үлгі, ұрпаққа ұлағат.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отбасы – тәрбие бастауы

Серік аға – үлкен әулеттен шыққан. Әкесі Төлеген ақсақал мен анасы Қамария апа сегіз бала тәрбиелеп, бәрін жоғары білім алуға, елге қызмет етуге баулыған. Бұл – отбасындағы береке мен тәрбиенің айғағы. Серік аға да сол тәрбиені бойына сіңіріп, ата-ананың үмітін ақтады. Ол 1965 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Қызыларай ауылында дүниеге келген. 1983 жылы ауыл мектебін бітіріп, сол жылы Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетіне оқуға түседі. Жас маман алғашқы еңбек жолын Шашубай ауылындағы мектепте ұстаз болып бастап, балалардың бойына өнердің нәрін дарытты. Кейін Отан алдындағы борышын өтеп, әскери өмірдің тәртібін көрді. Өнер мен тәртіпті тоғыстырған өмір жолы оны кәсіпкерлікке алып келді. Еңбек жолының әр сатысында ізденуден танабаған ол 1990 жылдары танымал суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Өміркеділ Әбеуовпен бірлесіп қаланы көркемдеуге атсалысты. Сөйтіп, бизнестің алғашқы баспалдақтарын бағындырып, 1995 жылы жол бойындағы алғашқы «Жібек жолы» кешенін ашты. Уақыт өте келе «Ақжарық» сауда үйін іске қосып, елге қызмет етуді мақсат тұтты. Ал 2005 жылы құрылыс саласының өзекті екенін сезініп, «Балқаш Жібек Жолы» ЖШС құрылыс компаниясының негізін қалады. Бұл – аймақ үшін маңызы зор оқиға еді.

Құрылыс саласындағы қолтаңба

Бүгінде Серік Қасымбеков жетекшілік ететін құрылыс фирмасы Қарағанды облысындағы ірі нысандардың құрылысын жүргізіп келеді. Әлеуметтік маңызы бар мекемелерден бастап, көпқабатты тұрғын үйлерге дейін салып, қаншама отбасыға қуаныш сыйлап жүр. Құрылыс саласындағы тәжірибесін жүйелеу үшін Қа-

рағанды мемлекеттік техникалық университетінде құрылысшы мамандығын меңгеріп, кейін қосымша заңгер дипломын да алған. Бұл тек кәсіпкер ғана емес, көп қырлы тұлға екенін көрсетеді. Құрылыс саласы – көзге көрінгенімен, көңілге оңай ұғына қонбайтын күрделі кәсіп. Әрбір сызбаның астарында тер төгілген еңбек, әр кірпіштің түбінде маңдай тердің табы жатады. Қарапайым жұрт құрылыс нысанының сұлбасын көргенімен, сол сұлбаның шынайы бейнесін қалыптастыратын жандардың жанкешті ісіне үңіле бермейді. Қағаз бетіндегі сансыз шимайдың арасынан дұрыс жол тауып, нысанның нақты кескінін көру – нағыз шебердің ғана еншісі. Сол шеберліктің шыңына қол созған, құрылыс саласының ыстығына күйіп, суығына тонып, қажырлы еңбекпен кемелдікке жеткен азамат компанияның құрылыс саласында өңірлік көшбасшылардың қатарына қосты. Тұрғындарға заманауи үлгідегі, сапасы жоғары ғимараттар салу ісінде ерекшеленіп, кәсіби биіктікпен көзге түсті. Мемлекеттік бағдарламалар аясында және коммерциялық бағытта атқарылған ауқымды істер жетерлік. Айталық, «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде Балқаш қаласындағы алты қабатты аурухана күрделі жөндеуден өтті. Бұдан бөлек, Сарышаған мен Ақжал кенттерінде, Қарқаралы ауданының Бүркітті ауылында, Шет ауданындағы Өспен ауылында заманауи шағын ауруханалар бой көтерді.

Соңғы он сегіз жылдың ішінде компания бірнеше көпқабатты тұрғын үй салып, қаншама отбасыға қоныс тойын тойлатты. 2017 жылы салынған «Акерке» тойханасы мен 2018 жылы Балқаштың 80 жылдық мерейтойына орай қайта жаңғыртылған бассейн ғимараты да – компания қолтаңбасын айқын танытқан жобалар. Бүгінде бұл кешен – «Актеңіз» спорт орталығы ретінде спортүйер қауымның игілігіне айналып отыр. 2019 жылы бой көтерген «Ақсораң» ғимараты мен 2021 жылы қирап қалған ескі «Құрылысшылар сарайының» орнына салынған 270 орындық «Ақнұр» жекемен-



шік балабақшасы да – ел игілігіне бағытталған игі іс. Бұл балабақша қалалық балабақша кезегін қысқартып, көптеген ата-ананың үмітін ақтады.

Серіктестік отандық өнімді қолдауға ерекше көңіл бөледі. Құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды сырттан тасымалдамай, арнайы темір жол түйығын салып, ірі блок, түрлі көлемдегі кірпіштер мен плиталар шығаратын зауыт салып, ішкі өндірісті жолға қойды. Бұл – құрылыс қарқынын арттырып, өңірдің экономикалық дамуына серпін берген бірегей қадам. Әрі құрылыс нысанның өзіндік құнын едәуір төмендетуге септескен маңызды жоба.

Ел еңсесін көтерер ертеңгі істер

Серік Төлегенұлының айтуынша, алдағы уақытта бұрынғы нан зауытының орнында жаңа сауда-ойын-сауық кешенінің құрылысы басталады. Жобадан заманауи кинотеатр, отбасылық ойын-сауық орталығы мен тамақтану орындары қамтылады. Сонымен қатар, қала тұрғындарының сұранысына сай «Актеңіз» кешені кеңейтіліп, мұнда теннис орталығы мен балаларға арналған бассейн ашу көзделіп отыр. Қала халқы үшін аса маңызды рухани нысан – 1 500 адамдық мешіттің құрылысы да күн тәртібінде. Жалпы аумағы 5 000 шаршы метрді құрайтын алып мешітке 500 миллион теңге көлемінде жеке қаражат құйылмақ. Құрылысы

сында ұлттық жоба аясында 300 оқушыға арналған жаңа мектептің құрылысы басталды.

Туған жерге тірек болған тұлға

Туған жеріне туын тіккен ел азаматы Қызыларай ауылын да ұмытқан емес. Биыл ауылда жалпы аумағы 416 шаршы метр болатын спорт кешенін салып берді. Заманауи кешенде волейбол, шағын футбол, күрес пен бокс залдары орналасқан. Аталған нысанның ашылу салтанаты 27 қыркүйекте өтті. Осы күні Қызыларайда интернационалист-жауынгер, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері Серікбай Оразалиннің құрметіне арналған дәстүрлі волейболдан облыстық турнирдің мерейлі 20 жылдығы атап өтілді. Сондай-ақ, «Ақсораң жұлдыздары» атты дәстүрлі ән байқауы да 10-рет ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, ауылдағы бұрынғы спорт залына 6 миллион

нышқа бөледі. Қалам-қағаз, сөмке, киім-кешекке қолы жетпей жүрген балалар бүгінде мектепке алаңсыз барып жүр. Кәсіптің қай түріне болсын, тек табыс көзі ретінде қарамай, ел игілігіне жұмсай білетін іскер азамат бүгінде 300-ден аса адамға тұрақты жұмыс беріп отыр. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында арнайы «Қасымбеков» қоғамдық қорын құрған. Қор арқылы көмекке мұқтаж қызметкерлерге баспана алып беріп, оны өсіміз, тиімді жүйемен өтеуге мүмкіндік жасаған. Мұның өзі – үлкен жанышырлықтың, адамгершіліктің көрінісі. Оның қолдауын тек еңбек адамдары ғана емес, талай жарысқа қатысқан спортшылар мен ел намысын қорғап жүрген өнерпаздар да сезініп келеді. Ел ағасы тек іскер кәсіпкер ғана емес, ел мүддесін биік қойған, көптің аманатын арқалаған халық қалаулысы ретінде де өз міндетін абыроймен атқарды. Депутаттық қызметті жеке мүдде емес, жұрт жүгін арқалау деп білген азамат қай кезде де ел ішіндегі мәселелерге бейжай қараған емес.

Ерен еңбек – ел құрметі

Қай кезде де игі бастамалардан шет қалмай, өнеге көрсетіп жүрген кәсіпкердің еселі еңбегі мен ерен істері елеусіз қалған жоқ.

Тынымсыз тірлігі мен туған елге деген адалдығы үшін Серік Төлегенұлына Қазақстан Республикасының Президентінен бастап, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы мен Ақтоғай ауданы әкімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталған. Балқаш қаласының Құрметті азаматы атанды. Сонымен қатар, ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Құрмет грамотасына, Балқаш қаласы әкімінің «Үздік меценат» номинациясына ие болды. «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» төсбелгісімен марапатталды.

Қай істе де сапа мен жауапкершілікті басты орынға қойған Серік аға туған жерінде құрылыс саласының өркендеуіне өзіндік өрнегін қалдырған. Оның жобалары – елдің ертеңіне үлес, келешекке мұра. Жаратылысынан жомарт, болмысы биік бұл азаматтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі – кейінгі ұрпаққа өнеге. Біз де өз кезегімізде ел игілігіне өлшеусіз еңбек сіңіріп жүрген азаматтың ісіне береке, бастамаларына сәттілік тілейміз!

Суреттерді түсірген автор

Заңдар тек айыптау актісі емес

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында халықаралық деңгейде ауқымды ғылыми-практикалық конференция өтті. Шара «Қоғамда заң және тәртіп идеологиясын жүзеге асырудың ғылыми негіздері мен өзекті мәселелері» тақырыбына арналды.



Жәлел ШАЙҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференция заманауи құқық қорғау саласына қатысты ең өткір, өміршең тақырыптарды қозғаған маңызды ғылыми платформаға айналды. Қазақстандық ғалымдармен қатар, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің жетекші құқықтанушы мамандары, полиция құрылымдарының өкілдері мен құқық қорғау академияларының сарапшылары бас қосып, ой бөлісті.

Конференция құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастыруды көздеп, құқықтық реформалар мен инновациялық технологияларды құқық қорғау практикасына енгізудің жолдары талқыланды.

Шараның модераторлары Қарағанды академиясының бастығы, заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі Нұрлан Биєкенов пен қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, ҚР ІІМ Құрметті қызметкері Зайрулла Тоқубаев болды.

Пленарлық отырыста Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының

докторы, профессор Үнзілә Шаппақ онлайн байланыс арқылы құттықтау сөз сөйледі.

– Бүгінгі конференция – құқықтық ой-пікір мен ғылыми ізденісті ұштастыратын маңызды алаң. Қоғамдағы заң мен тәртіпті нығайту – адам құқықтарын қорғаудың іргетасы. Бұл бағытта халықаралық тәжірибе мен ғылыми қауымдастықтың рөлі зор. Заңдар тек жазалау құралы емес, адам мен қоғам арасындағы әділеттілік көпірі болуы керек, – деді депутат өз сөзінде.

Халықаралық конференция барысында бірқатар жетекші оқу орындарының басшылары мен сарапшы мамандар баяндама жасады.

Ресей ІІМ Сібір заң институтының бастығы, заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция генерал-майоры Дмитрий Ким, Өзбекстан Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, полковник Мирзаясуп Рустамбаев (онлайн), Тәжікстан ІІМ Академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Пулод Асадулло (бейнежазба), ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция генерал-майоры Ақынқали Дарменов (онлайн), Өзбекстан



ІІМ Академиясы бастығының ғылым және инновация жөніндегі орынбасары, полковник Руфтул Нигматов (онлайн), сондай-ақ, ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтобе заң институтының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ғалымжан Есболаев (онлайн) қатысып, өз елдерінің тәжірибесімен бөлісті.

Пленарлық отырыста бірқатар өзекті баяндамалар тыңдалды. Қарағанды академиясынан Елеужан Серімов ішкі істер органдары қызметінде идеологиялық негіздерді

қалыптастыру туралы, Сібір заң институтынан Денис Лотц шетелдік есірткіге қарсы іс-қимыл кадрларын даярлау тәжірибесі, Уфа заң институтынан Раиль Янбухтин қазіргі полиция қызметінің әлеуметтік рөлі, Волгоград академиясынан Ольга Буевич IT-технологиялармен байланысты қылмыстарды тергеудің ерекшеліктері, Қарағанды академиясынан Саябек Жақулин жол-көлік оқиғаларын тергеудегі инновациялық технологиялар жөнінде ойын ортаға салды. Сонымен бірге, қоғамдық тәртіпті

қорғауда пилотсыз ұшатын аппараттарды қолдану мәселелері де назардан тыс қалмады.

Бұған қоса, Ресей мен Қазақстанның бірқатар өкілдері полиция қызметін модернизациялау, заңнаманы жетілдіру, тергеу процесінде цифрлық құралдарды қолдану, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық аясындағы кадр даярлау тәжірибесімен бөлісті.

Конференция аясында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған жаңа оқу құралдарының тұсауке-



сері өтті. Бұл бастама құқықтық білім беру жүйесіне қосылған құнды үлес ретінде бағаланып отыр. Жаңа әдістемелік әдебиеттер студенттер мен құқық қорғау саласы мамандары үшін сапалы құқықтық білімнің қолжетімділігін арттыра түспек.

Конференция қорытындысында қатысушылар заманауи қоғамда құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің кешенді жолдарын, ғылыми тұжырымдарға негізделген реформалардың қажеттілігін және халықаралық ынтымақтастықтың артықшылықтарын атап өтті.

Алдағы уақытта барлық баяндама мен ғылыми мақалалар арнайы жинақ түрінде жарияланып, Қарағанды академиясының ресми сайтында көпшілікке қолжетімді болмақ.

Осылайша, Қарағандыда өткен бұл халықаралық конференция құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды ғылыми және практикалық қадам ретінде бағаланды. Ол ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып, құқық қорғау саласының болашағын бірлесіп дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар мен идеяларға жол ашты.

Сурет ұйымдастырушылардан

Құттықтау

Қарқаралы ауданы, Алпаз ауылының тұрғыны Мақан келіні **Жібек АЛИНАНЫ** 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.



Құтты болсын 70 жасыңыз, Сексеннің де сенгірінен асыңыз. Қуат алып, денсаулықтың нәрінен, Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз! Балалардың арасында жүріңіз,

Шаттық нұрдан айықпасын жүзіңіз! Тілек еттік шын жүректен бәріміз Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз! Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін, Ата-баба аруағы қолдай жүрсін.

Тілек білдірушілер: **Әмірбаевтар әулеті**

№345

«Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ-де бөлім қызметшілерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын» бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 506559 сенім телефоны жұмыс істейді.

д

Ізгілікке үндеген кеш



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Жайық Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Жанында жүр жақсы адам» атты тағылымды кеш өтті. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында ұйымдастырылған кездесудің басты мақсаты – еңбек адамын ұлықтау, жас буынға өнеге көрсету.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға еңбек ардагерлері мен колледж студенттері қатысып, еңбек тақырыбы төңірегінде пікір алмасып, ой өрбітті.

Кеш қонағы, Қарағанды металл конструкциялары зауытының білікті бұрғылаушысы, «Ұлағат» оқырман клубының мүшесі Еркебұлан Төkenов студенттерге өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, еңбекке деген орамды ойларын ортаға салды.

– Жастарды еңбекке бала күнен бастап баулу керек. Біздің балалық шағымыз еңбекпен қатар өрбіді. Еңбекке ерте араласқан жастардың ержеткен соң өз орнын табуы оңай болады, – деді ол өз сөзінде.

Кеш барысында теміржол саласында абыройлы еңбек етіп жүрген Берікбол Бейбітұлы әсем ән шықрап, іс-шараның көрігін кыздырды. Жастарға қарапайым еңбек адамының қадірін түсіндіру, олардың жүрегіне ізгілік

ұялату кештің басты арқауы болды.

– Біз колледжде 17 мамандық бойынша маман даярлаймыз. Оқытушылар жастардың қарым-қабілетін шыңдап, мүмкіндіктерін ашуға барынша күш-жігерін жұмсайды. Соңғы жылдары студенттеріміз ел көлемінде өтетін республикалық байқауларға қатысып, еңбек етудің ерен үлгісін көрсетіп жүр, – деді Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасындағы Инновациялық технологиялар колледжінің оқытушысы Эльмира Таңатарқызы.

Кітапхана ұжымы ұйымдастырған тағылымды кездесуде студенттер еңбек адамымен жүздесіп, естеліктерін тыңдап қана қоймай, олардың адалдық пен табандылыққа толы өмір жолынан үлгі алды.

«Жанында жүр жақсы адам» атты кеш еңбек адамын ұлықтаудың, ұрпақ сабақтастығын сақтаудың және жас буынды ізгілікке баулудың айқын көрінісі болды.



Еске алу

Қарқаралының тумасы, руы – Тобықты. Бауырларының ақылшысы, тірегі, тынысы болған, замандастарына құрметті, ұлағатты ұстаз, аяулы әпкеміз **Қалияш Аманбайқызы МЕДЕУБАЕВАНЫҢ** өмірден озғанына 40 күн толады.

Асыл әпкеміз білімді, сабырлы, парасаты, адамгершілігі мол жан еді. Қараша айының 19-ында 85 жасқа толар шағында келместің кемесіне мініп кете барды. Жанымыз шыркырап, жүрегіміз езіліп қимас жаннан айырылғанымызға қатты күйзеліп қалдық.

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнады. «Сіз көрсеткен құйтай ғана картадан, Жер-Анамды мен де сүйе бастадым» – деген шәкірттер сөздері ұлы ұстаз болғанына дәлел. Оның ішінде заң қызметкерлері, журналистер, мұғалімдер, дәрігерлер де бар. Шәкірттері, көзкөрген жақын-жуық, көршілер ағыл-тегіл жылап келгенде, халықтың анасы екен ғой деп өзімізді жұбаттық.

Туған-туыс, сіңілі-бауырларының алдағы өмірлеріне аландап, қамқор болған жан еді. Өз бақытын аямай, өзгенің бақытын аялаған жан – Дәя. Өкпелесек көңілімізді көтерген, ауырсақ жанымыздан табылған, ешкімге дауыс көтеріп көрмеген әпкеміз, сағынамыз сізді.

Тағдырдың жазуына не дейміз? Мәңгі есімізdesіз!
Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын!



Еске алушылар: **Ғазиз-Қарлығаш, Күлзейнеп, Толқын, Берік-Айдана, бауырлары, келіндері, жиендері.**

№342



Жаңалық
әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Болашақ чемпиондар ордасы

Қарағанды – қазақ күресінің қара шаңырағының бірі. Бұл өңірден боз кілемде жауырыны жерге тимеген небір балуандар шыққан. Алайда, соңғы жылдары аймақ күресінің қарқыны бәсеңдеп, маман ташпылығы мен инфрақұрылымдық проблемалар саланың дамуына кері әсерін тигізуде. Бір кездері даңқы дүркіреп тұрған Қарағандыдағы күрес түрлері бойынша олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің «Дәулет» мектебі көпшілікке жақсы таныс. Бұл мекеме талай балуанның тұсауын кесіп, ел намысын қорғайтын саңлақтарды дайындаған еді. Алайда, екі жыл бұрын толассыз жауған жаңбырдың салдарынан ғимарат зардап шекті. Жертөлесін су басып, тіпті, су деңгейі бірінші қабатқа дейін жеткен. Содан бері мекеме жартылай бос тұрған күйде қалды. Дегенмен, биыл жағдай оң шешімін тапты. Облыс әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт басқармасы бастаманы қайта жандандырып, «Дәулетті» қалпына келтіру үшін бюджеттен 15 млн теңгеден астам қаражат бөлді. Бірақ, бұл жолы нысан тек күрес мектебі ретінде емес, 40 оқушыға арналған жатын орынмен қамтылған интернат үлгісіндегі спорт мектебі ретінде қайта ашылды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Билік тарапынан қолдау бар

Аталған ғимараттың ашылу рәсіміне Қазақстанның грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының бас хатшысы Димаш Сұлтанов пен басқармасының басшысы Серік Сәпиев арнайы келіп қатысты. Әрі Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО-ның спорт шебері Саржан Жақсбеков пен Ильдар Гафаров та келіп, мектеп-интернаттың тұсауын кесті. Димаш Рафхатұлы өз сөзінде Қарағанды спортына тоқталып, алдағы уақытта спортшыларға қолдау көрсетілетіндігін баса айтты.

– Қарағандыда қазақ күресінің тамыры тым терең, мектебі – мықты. Бұл өңірден талай чемпиондар түлеп ұшты. Алайда, кейінгі жылдары бұл бағытта айтарлықтай нәтиже болмай тұр. Осыған байланысты басқарма тарапынан күрес түрлерін дамытуға ерекше назар аударылып, бірқатар нақты шаралар

қолға алынууда. Соның бір айғағы – жаңартылып ашылған спорт-интернат деп білемін. Біз бұл оқу орнынан әлем және Олимпиада чемпиондары шығады деп үміттенеміз. Әсіресе, әйелдер күресі бойынша Қарағандыда қалыптасқан мықты мектеп бар. Сондықтан бұл бағытта назардан тыс қалмайды. Аруларымызға жан-жақты қолдау көрсетілетін болады, – деді ол.

Ал, басқарма басшысы Серік Сәпиев Қарағандыда күрес спортына арналған инфрақұрылым әлі де жеткіліксіз екендігін мәлімдеді. Десе де бұл мәселе кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

– Қарағандыда күрес залдары саусақпен санарлық. Осы мәселені жүйелі түрде қолға алып жатырмыз. Соның бір айғағы – «Дәулет» мектебінің қайта жаңғыруы. Біз қарапайым жаттығу залын заманауи талапқа сай күрес мектебіне айналдырдық. Бөлінген қаражат аса ауқымды болмаса да, тиімді жұмсалып, нысан толықтай жаңғыртылды. Қазір мұнда спортшыларға барлық жағдай жасалған. Бұл жерден ел намысын қорғайтын

балуандар шығатынына сенеміз. Ендігі маңызды қадам – білікті мамандарды тарту. Өңірлерден тәжірибелі жаттықтырушыларды алдыру жоспарда бар. Сонымен қатар, спортшылардың жарыстарға қатысуы, іссапар мәселесі де жүйеленіп келеді. Мектеп-интернатта тәрбиеленетін жастардың жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін толық қамтамасыз ету – алдағы басты міндеттің бірі. Спортшылар тек спортта ғана емес, білімде де қолдауға ие болуы тиіс. Бұл – жан-жақты қолдау саясатының бір бөлігі, – деп түйіндеді ол.

Жаңғыру жолындағы жетістік

Жөндеу жұмыстары шілде айында басталған. Құрылыс кезінде ғимараттың әкімшілік қызметкерлері уақытша «Қарағанды-Арена» спорт кешеніне көшіріліп, сол жерде жұмысын уақытша жалғастырыпты. Ал, тозығы жеткен екі қабатты спорт мекемесі күрделі жөндеуден өтіп, функционалды, жаңартылған спорттық-интернатқа айналды. Бірінші қабатында 40 балаға арналған кең жатын бөлмелер ашылған. Және толық жабдықталған жаттығу залы да жұмыс істеп тұр. Ал, екінші қабаттағы бұрынғы үлкен спорт залы да жаңартылып, екі жаңа күрес кілемі төселді. Әрі балуандарға талапқа сай жағдай жасалған. Қазіргі таңда жаңадан ашылған спорт-интернатқа әлі ешқандай оқушы қабылдана қоймапты. Дегенмен, бұл оқу орны облыс көлеміндегі қала мен аудан балаларын қабылдауға дайын. Ал-



дағы уақытта шалғай ауылдар мен өңірлерден келетін жас спортшыларды тарту жоспарланып отыр.

– Келешекте ғимарат аумағында спортшыларға арналған монша салуды көздеп отырмыз. Бұған қоса, ұзындығы 30 метрлік қосымша спорт зал салу жоспарда бар. Жаңа зал тек күрес түрлері бойынша жаттығу жүргізуге арналады. Қазіргі таңда Қарағанды күресі өз биігінен төмендеп қалды. Осы бағытты қайта жандандыру үшін спортшыларға барлық жағдай жасалып жатыр. Бұған дейін спортшылар мен жаттықтырушылардың іссапар шығындарына жыл басында бар болғаны 12 млн теңге бөлінген еді. Бүгінде бұл көрсеткіш басқарманың қолдауымен 50 млн теңгеге дейін ұлғайды. Сонымен қатар, алдағы уақытта тәжірибелі, білікті жаттықтырушыларды тарту жоспары да бар. Басты мақсат – алдағы үш жыл ішінде ел чемпиондары мен Азия, әлем чемпиондарын дайындау, – деді мектеп-интернат

директоры Қанат Журкаев.

Әр жатын бөлменің сыйымдылығы әртүрлі. Соның ішіндегі ең ірісі – бұған дейін қойма ретінде пайдаланылған кең аумақ. Қазір бұл бөлме толықтай қайта жабдықталып, 14 адамға арналған жатын бөлмеге айналыпты. Алдағы уақытта терезе маңындағы бос кеңістікке қосымша шағын шкаф орнату жоспарлануда. Жалпы, әр бөлмеге Қарағандыда жасалған арнайы кереуеттер қойылып, үстіріне ортопедиялық матрастар төселген. Аяқ астына салатын кілемді де, әр бөлмеге салқындыққыш орнатуды да ұмытпапты. Сонымен қатар, дәл осы қабатта заманауи үлгіде жабдықталған кең асхана бар. Мұнда бір мезгілде 24 адам тамақтана алатын алты үстел қойылған. Жас спортшылар күніне үш мезгіл тамақпен қамтылақ. Одан бөлек, жуыну бөлмесі мен әжетханасы да талаптарға сай келіп тұр. Жөндеуден өткен ғимаратты аралау барысында Димаш Рафхатұлы сөз

сөйлеп, мектепке үлкен экранды теледидар сыйға тартатынын жеткізді.

– Қазіргі заманда заманауи технологияларсыз жаттығу жұмыстарын жүргізу мүмкін емес. Әр спортшы қателіктерімен жұмыс істеуі қажет. Қарапайым мысал, теледидардан түрлі чемпионаттарды қарап, отандастарымызды қолдаудың өзі жігер береді. Әрі әр спортшы өзінің жаттығу барысын видеоға түсіріп, жаттықтырушысымен бірлесіп қателіктерімен жұмыс істеуі қажет. Сондықтан, мектепке теледидар қажет. Ал, ол теледидарды федерация басшылығы мектепке тарту етеді, – деп федерация басшысының сәлемдесімін жеткізді.

Уақыт өте келе бұл орталықтан ел, Азия және әлем чемпиондары шығады деген сенім мол. Себебі, мұндай қолдау мен талап бар жерде міндетті түрде нәтиже болатыны сөзсіз.

Суреттерді түсірген **автор**



Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Мұратұлы Кожуховқа орны толмас ауыр қаза – анасы

Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа орны толмас ауыр қаза – анасы **Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректораты мен ұжымы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Муратович Кожуховқа және университеттің Әкімшілік басқармасының басшысы Мадина Муратовна Кожуховаға ауыр да орны толмас қаза – аналары **Сауле Кабиевна КОЖУХОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

№180

«Қайраттың» ұпайы түгел

Әлемнің үздік клубтарының бірі испаниялық «Реал Мадридті» Алматыға келеді деп кім ойлаған? Күн сайын теледидардан ойынын тамашалап, әр жетістігіне сүйсініп отыратын футбол алыптарының табаны Қазақстан жеріне тиді. Бұл отандық футбол тарихындағы айтулы сәт. Жанкүйер қауым үшін баға жетпес әсер. Осындай тарихи мүмкіндікті сыйлаған алматылық «Қайрат» клубына алғыстан басқа айтары жоқ. Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде шотландиялық «Селтикпен» тең түсіп, пенальти сериясында жолдан тайдырды. Бұл жерде осы кезеңге дейін алып келген қақпашы Темірлан Анарбековтің да үлкен үлесі барын сіз де, біз де жақсы білеміз. Дәл осындай тарихи сәтке жеткізген оған да ел ықыласы ерек. Жалпы, «Қайрат» пен «Реал Мадрид» арасындағы кездесу несімен есте қалды? Шөлып өтелік...



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қайсібірін айтайық?! Бұл ойында кімнің жеңіп-жеңбейтіні бесенеден белгілі ғой. Алпауыт мадридтік команда дәл осы чемпиондар лигасының 15 мәрте жеңімпазы. Ал, отандастарымыз үшін бұл командамен бір алаңда ойнау – бақыт еді. Тіпті, үш ұйықта-са түске кірмейтін сәт. Дегенмен, ел болып тақым қыстық. Жанкүйер болдық. Ең болмаса қарсылас қақпасынан саңылау тауып, бір гол салармыз деген үміт те болды. Бірақ, карольдік клуб өз алаңымызда 0:5 есебімен ойсырата жеңіп кетті.

Билеттердің номиналды бағасы УЕФА-мен келісілген. 30 000 теңгеден бастап 250 000 теңгеге дейін аралықта сатылған. Туризм басқармасының с-Қонақ жүйесінің деректеріне сүйенсек, ойынды тамашалауға 26-29 қыркүйек аралығында 5 мыңнан астам шетелдік қонақ келіпті. Одан бөлек,

елдің басқа өңірлерінен келген жанкүйерлерді қосқанда, жалпы көрермен саны 10 мыңға жеткен. Негізгі туристер легі Қытай, Үндістан, Ресей, Жапония, Ұлыбритания, Испания, Чехия және ТМД елдерінен келген. Mastercard мәліметінше, Алматыға келген шетелдік турист орта есеппен 1 500 АҚШ долларын жұмсады деседі. Ал, сарапшылар болса мұндай қаржының шағын және орта бизнестің дамуына оң серпін бергенін айтады.

Бұл ойында қақпашы Шерхан Қалмырзаның ерлігі күні бүгінге дейін жанкүйерлердің аузынан түскен емес. Жас та болса, жасындай жарқылдаған Шерхан бірнеше қауіпті соққыны жайтарып, «Қайрат» қақпасын сақтап қалуға барын салды. Оның жанкиярлық ойыны тек қазақстандық көрерменді ғана емес, Еуропа футбол қауымдастығын да бей-жай қалдырмады. УЕФА Чемпиондар лигасының ресми аккаунты

топтық кезеңнің екінші турындағы үздік төрт қақпашыны таңдапты. Солардың қатарынан «Қайраттың» ең жас қақпашысы Шерхан Қалмырза да бар. Аты аңызға айналған Килиан Мбаппенің қатты әрі дәл соққысын қайтара алған сәтін УЕФА мандары ерекше бағалап, сол сейіт турдағы ең үздік деп таныған. Әрине, бұл – 18 жастағы жас қақпашы үшін үлкен құрмет.

Алғашқы айналымда қарсыластар тек бір гол ғана сала алды. Ал, отандастарымыз сәтті өнер көрсетіп, осы есепті сақтап қалуға барынша тырысты. Дегенмен, карольдік клуб екінші таймда «Қайраттың» әлсіз тұсын тапқандай болды. Ойын аяқталмай тұрып төрт гол соғып үлгерді.

Ойынның 67-ші минутында қарсылас команданың жартылай қорғаушысы Дани Себальос алматылық клубтың жартылай қорғаушысы Валерий Громыконы айып алаңында құлатты. Осы сәтте бас төреші Марко Гуида ойынды тоқтатып, «Қайраттың» пайдасына пенальти белген. Алайда, төреші VAR жүйесіне жүгініп, пенальтиді алып тастады. Бұл сәтте күллі қазақ елі «Қайрат» гол салады-ау деген үмітпен тыныстап қалды. Алайда үмітіміз су сепкендей сөнді.

Осы кездесуде шабуылшы Килиан Мбаппе хет-трик жасап, ойын соңында матчтың үздік ойыншысы атанды. Әлем назарын аударған, көптен күткен тарихи матч осылайша өз мәресіне жетті. Жанкүйерлер үшін бұл тек нәтижемен емес, үлкен тәжірибе мен эмоцияға толы сәттермен есте қалды. Енді отандастарымыз Чемпиондар лигасының үшінші турында Кипрдің «Пафос» клубымен сырт алаңда кездеседі. Бұл да осал қарсылас емес. Дегенмен, «Қайрат» үшін әр ойын – жаңа мүмкіндік.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Әріптестер топ жарды

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында «Еңбек күні» қарсаңында елордада «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты республикалық байқау өткен болатын. Сол байқауға әріптестеріміз қатысып, жүлделі орыннан көрінді. Атап айтсақ, «Saryaqqa Aqragat» медиахолдингіне қарасты «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Қайныш Бұхарбай «Еңбек әулетінің табыс тарихы» аталымында ІІІ орын иеленсе, «Life 09» ақпарат агенттігінің видеооператоры Нұртөлеу Екібай «Еңбек адамының портреті» номинациясында ІІ орыннан көрінді. Сонымен қатар, Ұлытау облысында өткен Кетбұқа жыраудың 840 жылдығына арналған республикалық мүшәйрадан «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшісі Ерік Нарын жүлделі ІІІ орын еншіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты республикалық байқауына елдің түпкір-түпкірінен 200-ден астам өтінім келіп түскен. Байқауды Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры ұйымдастырды.

Қатысушылардың туындылары еңбек адамының бейнесін әр қырынан танытуға бағытталып, бірнеше аталым бойынша бағаланды. Солардың бірі – «Еңбек әулетінің табыс тарихы» номинациясы. Бұл санатта әріптесіміз Қайныш Бұхарбайдың зергер Қылышбек Құрмантегі туралы жазған публицистикалық мақаласы үздік деп танылып, жүлделі орынға ие болды. Шебердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан кәсіби шеберлігі мен рухани мұрасын көркем тілмен кестелеген еңбегі қазылар алқа-

сының жоғары бағасына ие болды.

«Life 09» ақпарат агенттігінің тілшісі Нұртөлеу Екібайдың металлург туралы дайындаған бейнеролигі «Еңбек адамының портреті» номинациясы бойынша үздіктер қатарынан көрінді. Оның туындысында шығармашылық жұмыста ауыр өндірістің алғы шебінде тер төгіп жүрген қарапайым еңбек адамының бейнесі шынайы әрі әсерлі сомдалған. Сол бір кәсібилігі, кейіпкерге деген ілтипаты бейнероликтің әсерін арттырып, оны жеңімпаздар қатарына шығарды.

Кетбұқа жыраудың 840 жылдығына арналған республикалық мүшәйраға өзінің поэмасын ұсынған Ерік Нарын қазылар ақасының жоғары бағасын алып, алғысқа бөленді. Шығармашылық ізденісі мен көркемдік деңгейі үшін байқау нәтижесі бойынша жүлделі ІІІ орынға лайық деп танылды.

Суреттер жеңімпаздардың жеке мұрағатынан

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Әуезов әлеміне саяхат

Қарағанды қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада қазақ әдебиетінің алып тұлғасы, заңғар жазушы, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің туған күніне орай «Замана заңғары Мұхтар Әуезов» тақырыбында әдеби-танымдық дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан жазушының өмірі мен шығармашылық жолын жас ұрпаққа кеңінен таныстыру, оның мол әдеби мұрасын дәріптеу арқылы жастардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруды көздеді.

Әдеби кешке Қарағанды медицина университетінің жанынан құрылған «Жыр-Жауһар» әдеби-поэзиялық үйірмесінің жас мүшелері қатысып, өз өнерін паш етіп, оқырмандарға рухани әсер сыйлады.

Аталған дөңгелек үстел бірнеше бөлімнен тұрды. Атап айтсақ, алдымен қонақтар мен қатысушылар кітапхана жанындағы «Әуезов залына» арнайы экскурсия жасап, жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған деректі материалдар, кітап көрмесі және фотоқұжаттармен танысты.

Кеш шымылдығы Құрманғазының күмбірлеген «Адай» күйімен ашылып, ұлттық рухты аспандатса, жас әдебиетсүйер қауым Абайдың жүрекке терең бойлайтын өлеңдерін мәнерлеп оқып, сол арқылы Мұхтар Әуезовтің хакім мұрасын насихаттаудағы

ерен еңбегіне тоқталды.

Кеш барысында «Қорғанысдың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» сияқты көркем шығармалары кеңінен талқыланып, М.Әуезовтің терең психологизмге құрылған, қоғамдық ойды қозғайтын бұл туындылары оқырманға ерекше әсер қалдырды.

Әдеби талқылауда ұлы жазушының әлем әдебиетінде теңдесі жоқ туындысы – «Абай жолы» роман-эпопеясына айрықша көңіл бөлінді. Қазақ халқының тұтас бір тарихи кезеңін бейнелеген, Абай тұлғасын биік деңгейде сомдаған бұл шығарма – қазақ руханиятының алтын қазығы екені атап айтылды.

Кеш соңында қатысушылар арасында танымдық-әдеби ойын ұйымдастырылды. Жастар белсенділік танытып, өз білімін сынга салды.

Қатысқан жас оқырмандардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығы мен Мұхтар Әуезов шығармашылығына білдірген терең құрметі – ұлы қаламгер мұрасының мәңгілік екенін, оның шығармаларының әр буынның жүрегіне жол таба беретінін тағы бір мәрте айқын аңғартты.

Сурет автордан

• БАТУТ ГИМНАСТИКАСЫ

Ендігі мақсат – әлем чемпионаты

Болгарияның Варна қаласында батут гимнастикасынан өткен әлем кубогында жерлесіміз Ерлан Тасмағамбетов бақ сынаған болатын. Нәтижесінде, синхронды секірден қола жүлдеге қол жеткізіп, ел қоржынына жүлде салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионат 24-29 қыркүйек аралығында өтті. Бұл турнирде ұлттық құрама сапында үш бірдей қарағандылық спортшы ел намысын қорғаған болатын. Солардың қатарында Данил Мұсабаев пен Никита Тумаков та бар еді. Бұл жолы Данил мен Никитаға сәттілік жетіспей, турнирден олжасыз оралды. Бірақ, қос спортшы жуырда Германияда өткен Әлем кубогында алтын алған болатын.

Ал, жоғары спорт шеберлігі мектебінің атынан сынға түскен Ерлан Тасмағамбетов бұл жолы жұптық сайыста сәтті өнер көрсетті. Жерлесіміз бұл кезеңде павлодарлық Виктория Бутolinaмен бірге өнер көрсеткен. Нәтижесінде, әлемдік бәсекеден құралақан қайтпады.

Айта кету керек, Ерланның жаттықтырушысы – Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, елге белгілі маман Сергей Вертякин. Бұл есім батут гимнастикасы жанкүйерлеріне жақсы таныс. Енді жаттықтырушы шәкірттерін әлем чемпионатына дайындамақ.

• ФУТЗАЛ

Футзал додасы қыза түсті

Былтыр футболдан Бірінші лига командалары арасында топ жарып, суперлигаға жолдама алған қарағандылық «Тұлпар» командасы биылғы ел чемпионатындағы алғашқы кездесуін сәтті бастады. Чемпионат аясындағы бірінші кездесуде өз алаңында Талдықорғанның «Жетісу» командасын 7:0 және 5:1 есебімен жеңді. Күні кеше сырт алаңда оралдық «Бәйтерек» командасымен ойнап, бірінші ойында 2:3 есебімен жеңіліп қалды. Ал, қарымта ойында 3:2 есебімен есе қайтарды.

Бұған дейін жерлестер «Жетісу» клубымен ойнаған. Биыл көктемде қарсыластарды өз алаңында қабылдап, қос кездесуде жеңіліп қалыпты. Бұл жолы жерлестер есе жібермеді. Қарсыластарға арнайы дайындықты күшейткен. Нәтижесінде, бірінші кездесуде талдықорғандықтарды 7:0 есебімен ойсырата жеңген. Екінші кездесуде де мүмкіндік қалдырмай, 5:1 есебімен өз пайдасына шешті.

Чемпионат аясындағы екінші, яғни, оралдықтарға қарсы кездесу оңайға соқпады. Жерлестер сырт алаңдағы бірінші ойын-

да 2:3 есебімен жеңіліп қалды. Бұл кездесуде есепті жерлестер ашқан еді. Команда шабуылшысы Тимур Мәлібеков пен Владислав Черномордов қарсылас қорғаушысын алдап өтіп, есепті 2:0-ге жеткізген еді. Алайда, алаң иелері көп ұзамай есеп алшақтығын қысқартты. Осылайша ойынның бірінші айналымы 1:2 есебімен жерлестердің пайда-сында болған. Өкінішке қарай, алаң иелері қатарынан екі гол салып, камбэк жасады. Жерлестер оралдықтармен өткен бірінші ойында есеп айырмасымен жеңіліп қалған еді. Қарымта ойын жерлестерге оңайға



пионатына дайындамақ.

– Біз әлем чемпионатына тек медаль үшін барамыз. Жеңіске деген сеніміміз зор. Осы турнирде сәттілік жетіспей қалған шығар. Бірақ, біздің спортшыларда бәрі бар. Техникалық тұрғыда сәтті комбинациялар, жоғары деңгейдегі дайындық, физикалық және психологиялық тұрақтылық та бар. Сондықтан, біз олардан жақсы нәтиже күтеміз, – дейді ұлттық құраманың бапкері Сергей Вертякин.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

соқпады. Команда жаттықтырушысы Әміржан Мұқанов қарсыластарға жана ойын тактикасымен шықты. Нәтижесінде, алғашқы айналымның 25-ші минутына дейін үш гол салып, есепті 3:0-ге жеткізді. Бұл жолы команда сапынан Әділет Дүйсембі, Владислав Черномордов, Бекежан Апсаламов көзге түсті. Бұдан кейін қарсыластар мүмкіндіктерін мұлт жібермей, екі гол салып үлгерді. Осылайша, жерлестер қарымта кездесуде қарсыластарынан кеткен есесін толық қайтарды.

Қазіргі таңда жерлестер турнирлік кестеде төрт ойында 9 ұпай еншілеп, ІІІ орынға табан тіреді. Көш басында 12 ұпаймен «Ақтөбе» командасы тұр. Одан кейінгі орында «Семей» командасы өкшелеп келеді. Олардың да еншісінде 12 ұпай.

Енді жерлестер 4-5 қазанда өз алаңында «Шымкент» командасын қабылдайды.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqragat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТХАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген ® Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Өлімхан Ермеков көшесі, №33 ый. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZBKZXX БИН 000840001412 Таралымы 3 514 №108 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
